AIQYN

www.aikyn.kz
e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

БЕЙСЕНБІ №131 (4816)
19.11.2026

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ҚҰТТЫҚТАУ ХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Ұлттық мерекеге орай Латвия Президентіне құттықтау хат жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Эдгарс Ринкевичсті Латвия Республикасын жариялау күнімен құттықтады.

Мемлекет басшысы екі ел арасындағы өзара тиімді ынтымақтастық одан әрі кеңейе түсетініне сенім білдірді. Сондай-ақ Эдгарс Ринкевичстің жауапты мемлекеттік қызметіне табыс, ал Латвия халқына бақ-береке тіледі.



ЕКІЖАҚТЫ ҚАТЫНАСТЫҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ

Мемлекет басшысы АҚШ бойынша Арнайы өкіл Ержан Қазыханды қабылдады.

Президент өзінің Америка Құрама Штаттарымен екіжақты ынтымақтастықтың өзекті мәселелері бойынша келіссөз процесіндегі өкілі Ержан Қазыханды қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа АҚШ Президенті Дональд Трамптың шақыруымен G20 саммитіне қатысу үшін Майамиге жоспарланған алдағы сапарға дайындық барысы баяндалды.

Мемлекет басшысы Қазақстан-Америка кеңейтілген стратегиялық серіктестігін одан әрі дамыту жөнінде нақты міндеттер жүктеді.

БАСТАПҚЫ ЖАРНАНЫҢ БАЗЫНАСЫ



Қазақстанда келер жылдан бастап ипотеканың бастапқы жарнасын 10 пайызға дейін төмендету мәселесі қарастырылып жатыр. Мұндай өзгеріс пәтер алуға ниетті, бірақ алғашқы жарнаға жеткілікті қаражат жинай алмай жүрген азаматтарға мүмкіндік ашары сөзсіз. Алайда жарна азайған сайын азаматтың банктен алатын қарызы көбейеді. Ал несиеге қол жеткізетіндер саны артса, тұрғын үйге сұраныс та өсуі мүмкін. Сондықтан ұсынылып отырған өзгерістің салдарын да саралап көрген жөн.

→ 5

АҚОРДА

СЕРІКТЕСТІК АЯСЫ КЕҢЕЙЕ БЕРЕДІ

Мемлекет басшысы Ресей Жоғарғы сотының төрағасы Игорь Красновты қабылдады.



Қасым-Жомарт Тоқаев кездесу барысында ортақ тарихқа, тату көршілікке, сондай-ақ қос халық арасындағы өзара құрмет пен берік байланысқа негізделген Қазақстан-Ресей қарым-қатынасының айрықша сипатына назар аударды.

Президенттің айтуынша, мемлекетаралық қатынастардың жан-жақты стратегиялық серіктестік және одақтастық деңгейіне көтерілуі барлық бағыттағы, соның ішінде құқық саласындағы ықпалдастықтың да дәйекті түрде дамып келе жатқанын көрсетеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің бүкіл мемлекеттік-құқықтық жүйесін жаңғыртуға бағытталған ауқымды саяси реформаларға тоқталды.

Өз кезегінде Ресей Жоғарғы сотының төрағасы Қазақстан сотымен белсенді ықпалдастық жолға қойылғанын жеткізді. Атап айтқанда, тарихта тұңғыш рет екі елдің жоғары сот инстанциялары арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Бұл құжат кәсіби диалогқа, сот төрелігін цифрландыруға және жасанды интеллектіні қолданысқа енгізуге негіз болады.

Сонымен қатар Игорь Краснов ғылым және білім беру салаларында, әсіресе біліктілікті арттыру және сот қызметкерлерінің цифрлық дағдыларын дамыту бағытында серіктестік аясын кеңейтуге мүдделі екенін растады.

ЦИФРЛЫҚ ЗОРЛЫҚ:
БАЛАНЫ ВИРТУАЛДЫ КЕҢІСТІКТЕ КІМ ҚОРҒАЙДЫ?



Смартфон арқылы алақанға сыйған әлемнің мүмкіндіктері мол болғанымен, оның қауіп-қатері де орасан екені күн өткен сайын айқындала түсуде. Әсіресе цифрлы кеңістікте балалардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайлар көбейіп, виртуалды әлемнің көлеңкелі тұстары алаңдата бастады. Дегенмен балаға төнетін қауіптің бәрі бірдей көзге көріне бермейді. Солардың бірі – киберфлешинг. Яғни әлеуметтік желілер, мессенджерлер немесе өзге де цифрлық арналар арқылы адамның келісімінсіз интимдік сипаттағы суреттер мен бейнематериалдардың экраннан көрініс беруі. Әсіресе мұндай әрекеттің кәмелетке толмаған балаларға бағытталуы мәселені тереңдете түседі.

(Жалғасы 4-бетте)

БАСПАСӨЗ-2027

AIQYN

AIQYN республикалық қоғамдық-саяси газетіне 2027 жылға жазылу басталды



Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы	
			Қала	Ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15102 – AIQYN	6 ай 12 ай	18 204,60 36 409,20	13 643,46 27 286,92
Жеке жазылушылар үшін	65102 – AIQYN	6 ай 12 ай	Қала 9 741,30 19 482,60	Ауыл 9 393,42 18 786,84

KAZPOST

Анықтама телефондары:
«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21

БОЯУҒА СІҢГЕН БАБАЛАР РУХЫ

Қылқаламның құдіретімен көшпенділер өркениетінің бай мұрасын бейнелеп, сол дәуірдің тыныс-тіршілігі мен мәдениетін заманауи үлгіде қайта жаңғыртып суреттеуге болады. Осындай бір күрделі де қызықты жұмысты өнер арқылы зерделеу мақсатында Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінде профессор, «Қазақ елі» монументінің авторы, мүсінші әрі суретші Сембіғали Смағұловтың авторлық шеберлік сабағы өтті.



→ 8

САЯСАТ

19 ҚАРАША 2026 | БЕЙСЕНБІ

ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ

ТІЛДІК НОРМАЛАРДЫ ЖАҢҒЫРТУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының X құрылтайында берген тапсырмаларын жүзеге асыру мақсатында Вице-Президент Ерлан Қарин кәсіби мамандармен тіл нормаларын жетілдіру мәселесін талқылады.

Жиынға Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясының академиктері, көрнекті тілтанушы ғалымдар, сала мамандары, Құрылтай депутаттары, Үкімет пен Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері, бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары және зиялы қауым өкілдері қатысты. Кездесу барысында осы саладағы жұмысты ұйымдастыру және үйлестіру, ұсыныстар мен пікірлерді саралап, ережелерді бекіту мәселелері қаралды.

– Президент «Қазақ тілі» қоғамының жуырда өткен құрылтайында қазақ тілінің емлесі мен ережесін жүйелеу, сөздіктерді жаңарту, қолданыстағы сөздер мен ұғымдарды біріздендіру, сөздік қорымызды цифрлық форматқа көшіру секілді маңызды мәселелерге назар аударған болатын. Бұл іргелі бастама ел ішінде кең қолдау тапты. Соның негізінде отандық ғалымдар мен сала мамандары ұлттық ауқымдағы үлкен жобаға кіріседі. Оларға маңызды тарихи миссия жүктеліп отыр, – деді Ерлан Қарин.

Вице-Президенттің айтуынша, аталған қадамдар қазақ тілінің бүгінгі қолданысын реттеп қана қоймай, оның болашақтағы дамуына берік негіз қалайды.

– Ғалымдар мен сарапшылардың алдында тұрған басты міндет – қазақ тілінің нормативтік негіздерін бір жүйеге келтіріп, оның келешекте қарыштап дамуын қамтамасыз ететін жаңа ғылыми, ұйымдастырушылық және технологиялық ин-фрақұрылым қалыптастыру. Бұл қадам қазақ тілін одан әрі жетілдіруге оң ықпал етеді. Сондықтан бұл іспен, ең алдымен, ғалымдар мен кәсіби мамандар айналысуы керек. Сәкен Сейфуллиннің «Қазақ тілі кеңсе тіліне айналмай, іс оңбайды» деген кең таралған сөзіне енді басқа пайым тұрғысынан қарау керек. Яғни қазақ тілі ғылым мен инновация тіліне айналмай, ісіміз ілгерілемейді, – деді Ерлан Қарин.

Жиында тіл жанашырлары мен мамандары осындай тарихи маңызы бар бастамамен айналысуға мүмкіндік беріп, сенім артқан Мемлекет басшысына алғыс айтты.

Жалпы, жоба аясында нормалар мен ережелерге арналған 6 анықтамалықты, 19 негізгі сөздікті, соның ішінде орфографиялық, орфоэпиялық, түсіндірме, грамматикалық, этимологиялық, терминологиялық сөздіктерді әзірлеу жоспарланып отыр. Одан бөлек, 9 академиялық аударма сөздігі дайындалады. Осы еңбектердің барлығы «Қазақ тілінің әмбебап сөздігі» ұлттық цифрлық платформасына жинақталып, баршаға қолжетімді болады.

ДЕПУТАТТАР БАСТАМАСЫМЕН ӨҢІРЛЕРГЕ 47 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

Құрылтай депутаттарының бастамасымен 2027 жылғы республикалық бюджетте аймақтарда 52 инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға қосымша 47 миллиард теңге бөлінді. Бұл жобалардың әрқайсысы аймақтардағы нақты мәселелерді шешеді және қоғамдық кездесулер кезінде азаматтардың білдірген талап-тілектеріне жауап береді.



Атап айтқанда, депутаттар жылу және энергетика жүйелерін жаңғыртуды, елді мекендерді газбен және сумен жабдықтауды, өнеркәсіптік аймақтардың инфрақұрылымын дамытуды, сондай-ақ маңызды инфрақұрылымдық жобаларды қолдады.

Жылу, электр энергиясы және газ тасымалдау жүйелері саласындағы жобаларды іске асыруға 28,1 млрд теңге қарастырылды:

– Ақмола облысы Қорғалжын ауданында жылу желілерін, Көкшетау қаласында тұрмыстық және ауызсумен жабдықтау жүйесін, көріз коллекторын салу, Атбасар қаласында орталық қазандықты қайта құру жоспарлануда;

– Алматы облысында Еңбекшіқазақ ауданында газбен жабдықтау құбырын және газ тарату желілерін салу;

– Жамбыл облысы Талас ауданында газ тарату желілерін және Тараз қаласында қосалқы станция салу;

– Қарағанды облысында – Ақсу-Аюлы, Еркіндік, Өспен және Сәкен Сейфуллин ауылдарында газ құбыры тармағы мен газбен жабдықтау желілерін салу және Абай ауданындағы магистральды жылу желісінің бір бөлігін реконструкциялау;

– Қостанай облысында – Қамысты ауданында газ тарату желілерін салу, Арқалық және Лисаковск қалаларындағы магистральды жылу желілерін реконструкциялау және т.б.

Қызылорда облысында – Жаңақорған ауданындағы ауылдарда, Сунақата, Еңбек, Екпінді, Қожаберді және Сүттіқұдық елді мекендерінде газ құбырын және қалаішілік газ тарату желілерін салу;

– Маңғыстау облысында – Ақтау қаласында қазандық салу;

– Абай ауданында – Семейдегі екі мектептің орталық жылыту пунктін, магистральдық және блокішілік жылу желілерін қайта құру және қуат трансформаторларын жаңғырту;

– Абай ауданында – Семейдегі екі мектептің орталық жылыту қондырғысын, негізгі және блокішілік жылу желілерін, соның ішінде «Қуаныш» балабақшасынан Мәңгілік Ел көшесіне дейінгі жылу желілерін реконструкциялау, үй ішілік қондырғыларды ауыстыру және қуат трансформаторларын жаңғырту;

– Солтүстік Қазақстан облысында – Ғабит Мүсірепов ауданындағы Новоишимское ауылында магистральдық таратушы жылумен жабдықтау желілерін салу, Уәлиханов және Ақжар аудандарында жоғары вольтты сақиналы желіні салу;

– Шығыс Қазақстан облысында – Өскемен қаласындағы қазандықты қайта құру;

– Жетісу облысындағы Текелі қаласындағы жылу желілерін қайта құру және Ұлытау облысында газ құбыры тармағы мен Атасу автоматтандырылған газ тарату станциясын салу.

Атырау облысындағы өзен жағалауын нығайту жұмыстарына қосымша 2,5 миллиард теңге бөлінеді. Бұл қаражат Алға ауылындағы Жайық өзеніндегі, сондай-ақ Махамбет ауданындағы Махамбет, Бейбарыс және Талдықөл ауылдарындағы Жайық өзеніндегі елді мекендерді су тасқынынан қорғауға арналған.

Қостанай, Түркістан және Ұлытау облыстарында сумен жабдықтау жүйелерін дамытуға 4,9 млрд теңге қаралды. Сонымен қатар Павлодар әуежайының терминал ғимараты мен нысандарын қайта жаңартуға, сондай-ақ Шымкентте ауысымына 500 келуші қабылдай алатын қалалық емхана құрылысына 2,5 миллиард теңге бағытталады. Ақтөбе, Жетісу және Батыс Қазақстан облыстарындағы жобаларды мемлекеттік қолдауға қосымша 6,5 миллиард теңге қаралған.

ҚҰРЫЛТАЙ

МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТТАР МАҚҰЛДАНДЫ



Құрылтай Төрағасы Айбек Дәдебайдың төрағалығымен өткен отырыста депутаттар онлайн-платформалар және масс-медиа мәселелері бойынша түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады. Сондай-ақ алдағы үш жылға арналған республикалық бюджет туралы заңды екінші оқылымда мақұлдап, үшінші оқылымда қабылдады. Бұдан бөлек, Сингапурмен және Түркі мемлекеттері ұйымымен ынтымақтастық туралы келісімдер ратификацияланды.

Онлайн-платформалар және масс-медиа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы және оның Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстегі ілеспе түзетулері Мемлекет басшысының онлайн-платформалардың жауаптылығын күшейту жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында әзірленді.

Заң жобаларын депутаттарға таныстырған Мәдениет және ақпарат министрі Арман Қырықбаев онлайн-платформаларға Қазақстан аумағында өз өкілдіктерін заңды тұлға нысанында ашуға міндеттеу ұсынылып отырғанын хабарлады. Сонымен қатар балаға қатысты кибербуллинг деп танылған құқыққа қайшы контентті жою туралы уәкілетті органның нұсқамаларын орындамағаны үшін әкімшілік жауаптылық енгізіледі.

Оның айтуынша, аудиториясы көп пайдаланушыларға қатысты да жауаптылық қолданылуға тиіс. Осыған байланысты бес мыңнан астам жазылушысы бар анонимді пайдаланушылар мен жария қауымдастықтарды сәйкестендіру тетігі қарастырылады.

– Цифрлық ортада балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды. Осыған байланысты он алты жасқа толмаған балалардың онлайн-платформаларға тіркелуіне тыйым салу ұсынылады. Платформа иелері пайдаланушылардың жасын тексеруге міндетті болады. Бұл ретте тыйым тұлғааралық қарым-қатынас жасауға, ата-аналармен және мұғалімдермен байланыс орнатуға арналған мессенджерлерге қолданылмайды, – деді министр.

Бұдан бөлек, масс-медиа мен онлайн-платформаларда балағат сөздер қолданғаны және онлайн-платформаларда жала жапқаны үшін әкімшілік жауаптылық енгізіледі. Бұл азаматтардың құқығын қорғау тетіктерін дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарында ғана емес, цифрлық ортада да қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар БАҚ қызметін реттеу саласында басқа да түзетулер, оның ішінде мемлекеттік органдардың жауаптарын жариялау кезінде оларды міндетті түрде таңбалау көзделген.

Білім беру контенті мен оккультттік қызметтер туралы ақпараттың ашықтығын қамтамасыз етуге де ерекше назар аударылды. Мұндай контентті тарату кезінде авторлар диплом немесе сертификат арқылы расталған тиісті білімі туралы мәліметтерді көрсетуге міндетті болады. Сондай-ақ оккультттік қызметтер туралы контентті оның ойын-сауықтық сипаты және ғылыми немесе практикалық тұрғыдан расталмағаны туралы ескертумен сүйемелдеу талабы енгізіледі.

Талқылау барысында депутаттар кәмелетке толмағандарға қатысты шектеу қолданылатын онлайн-платформалардың тізбесін нақтылауды, сондай-ақ олардың дербес деректерін қорғауға бағытталған бастамаларды қолдауды ұсынды. Балалардың интернеттегі тұрмыстық және танымдық контентке қолжетімділігін сақтаудың маңыздылығына да мән берілді. Бұдан бөлек, тиісті біліктілігі жоқ тұлғалардың ақылы қызмет көрсетуіне қатысты қосымша шаралар қабылдау қажеттігі айтылды.

Түзетулерді қарау қорытындысы бойынша оларды бірінші оқылымда мақұлдау туралы шешім қабылданды. Онлайн-платформалар және масс-медиа мәселелері бойынша заң жобаларымен жұмыс Құрылтай депутаты Жанарбек Әшімжанов жетекшілік ететін жұмыс тобының отырыстарында алдағы уақытта жалғасады.

Құрылтай «2027-2029 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңды екінші оқылымда мақұлдап, үшінші оқылымда қабылдады. Құжат нормаларын депутаттарға Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы, жұмыс тобының жетекшісі Ольга Перепечина таныстырды. Ол жұмыс барысында депутаттар 2027 жылы бюджет шығыстарын ұлғайтуды көздейтін түзетулерді қолдағанын айтты.

Атап айтқанда, Мемлекет басшысының 2026 жылғы 28 қазандағы Жолдауында айтылған бастамаларды іске асыруға қосымша 114,1 млрд теңге бөлінеді. Оның ішінде ең төменгі жалақыны 110 мың теңгеге дейін арттыру, алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдары қызметкерлерінің жалақысын көтеру және орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні енгізу шаралары бар. Тағы 101,5 млрд теңге Президенттің жекелеген тапсырмаларын орындауға, соның ішінде Сәтбаев атындағы каналдан Астанаға дейін су құбырын салуға және «Балқаш» атом электр станциясының жобасы бойынша іздестіру жұмыстарын жүргізуге бағытталады.

Сонымен қатар Ольга Перепечинаның айтуынша, депутаттар өңірлердің қажеттіліктерін жан-жақты ескеруге ерекше назар аударған.

– Өңірлік 52 инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға қосымша 47 млрд теңге қарастырылды. Атап айтқанда, жылумен, газбен жабдықтау және электр энергетикасы нысандарына 28,1 млрд теңге бөлінеді. Мәселен, бұл қаражат Өскемен, Ақтау, Атбасар қалаларындағы қазандықтарды реконструкциялауға, магистральдық және орамішілік жылу желілерін жүргізуге, жеткізуші газ құбырлары мен газ тарату желілерін салуға бағытталады, – деді комитет төрағасы.

Оның ішінде сумен жабдықтау жүйелерін дамытуға 4,9 млрд теңге бөлу жоспарланған. Бұл қаражат Түркістан облысында магистральдық су құбырын салуды да қамтиды. Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарындағы арнайы экономикалық аймақтардың инфрақұрылым нысандарына 6,5 млрд теңге бағытталады. Сондай-ақ Шымкентте емхана салу, Павлодарда әуе көлігін дамыту, Атырау облысында төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында жағалауды нығайту жобаларының әрқайсысына 2,5 млрд теңгеден қарастырылған.

Ольга Перепечина атап өткендей, 2027-2029 жылдарға арналған республикалық бюджетте Үкімет ұсынған негізгі бюджеттік параметрлер сақталған. Барлық қаражаттың үштен бірінен астамын адами капиталды дамытуға және азаматтар алдындағы әлеуметтік міндеттемелерді орындауға бағыттау жоспарланып отыр.

Сондай-ақ «Қазақстан Республикасы мен Сингапур Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісімді ратификациялау туралы» заң екі оқылымда қабылданды. Құжатты депутаттарға Бас прокурордың орынбасары Ғалымжан Қойгелдиев таныстырды.

Құрылтайдағы жұмыс тобының жетекшісі Нұрлан Дулатбековтің айтуынша, келісім ережелерін іске асыру дәлелдемелерді алу, процестік әрекеттерді жүргізу және қылмыстық құқықбұзушылықтарды тергеп-тексеруге байланысты басқа да мәселелерді шешу кезінде екі елдің құзыретті органдары арасындағы өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл тиісті әрекеттерді екінші тараптың аумағында жүзеге асыру қажет болатын жағдайларға да қатысты.

Сонымен қатар «Түркі мемлекеттері ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы цифрлық экономика саласындағы әріптестік туралы келісімді ратификациялау туралы» келісім ратификацияланды. Оның ережелерін депутаттарға Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев таныстырды.

Құжаттың негізгі мақсаты – цифрлық экономиканың орнықты әрі инклюзивті дамуын қамтамасыз ету, Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту, сондай-ақ шағын және орта бизнес субъектілері үшін цифрлық платформалар мен сервистердің қолжетімділігін арттыру.

Жұмыс тобының жетекшісі Тілектес Адамбековтің айтуынша, келісімге қосылу Қазақстанға өз тауарларын Әзербайжан, Қырғызстан, Түркия және Өзбекстанның цифрлық нарықтарына шығаруға жол ашады. Сондай-ақ бұл сауда рәсімдерін жеңілдетіп, трансшекаралық электрондық саудадағы кедергілерді азайтуға ықпал етеді.

Отырыс барысында Құрылтай Конституциялық Соттың «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» жолдауын тыңдап, назарға алды. Конституциялық Сот Төрағасы Эльвира Азимованың дерегіне сүйенсек, Конституциялық Сот қызметін бастағаннан бері 18 мыңнан астам өтініш келіп түскен. Өтініш берушілердің шамамен 99%-ы – азаматтар. Өтініштерді қарау нәтижесінде 500-ден астам қаулы және 91 нормативтік қаулы қабылданған. Бұл көрсеткіштер конституциялық бақылаудың адам құқығы мен бостандығын қорғау тетігі ретінде сұранысқа ие екенін көрсетеді. Сонымен қатар алдыңғы жолдаудан кейін конституциялық емес деп танылуына байланысты 14 норма қолданыстағы құқық жүйесінен алынып тасталды, ал 19 ережеге конституциялық-құқықтық түсіндірме берілді.

Бұған қоса, I шақырылымдағы Құрылтай жанынан Жастар кеңесі құрылады. Депутат Дана Медеуованың түсіндіруінше, Кеңес жастар бастамаларын біріктіруге, оларды жүйелі түрде ілгерілетуге және Құрылтаймен өзара тікелей іс-қимыл орнатуға арналған тұрақты диалог алаңына айналады. Кеңес жұмысының жеке бір бағыты халықаралық жастар ынтымақтастығын дамытуға, қазақстандық жастардың мүдделерін білдіруге және олардың бастамаларын халықаралық алаңдарда ілгерілетуге арналады.

Кеңес құрамына Құрылтай депутаттарын, жастар ұйымдары мен бірлестіктерінің өкілдерін, өңірлік белсенділерді, сондай-ақ түрлі кәсіби саладағы жас мамандарды енгізу ұсынылады. Бұл ретте Дана Медеуова өңірлердің кеңінен өкілдік етуін қамтамасыз ету аса маңызды екенін айтты. Ол шағын қалалардағы, ауылдық елді мекендердегі және шалғай аудандардағы жастардың үні ірі қалалар жастарының бастамаларымен қатар жалпыұлттық деңгейде естілуге тиіс екенін атап өтті.

Отырыс соңында Құрылтай депутаттары өзекті әлеуметтік және экономикалық мәселелер бойынша мемлекеттік органдарға 15 депутаттық сауал жолдады. Олардың барлығымен Құрылтайдың ресми сайтынан және Telegram арнасынан танысуға болады.

Отырыс қорытындысы бойынша онлайн-платформалар және масс-медиа мәселелері жөніндегі түзетулерге қатысты БАҚ өкілдеріне арналған брифинг өтті. Журналистердің сұрақтарына Мәдениет және ақпарат министрі Арман Қырықбаев, Құрылтай депутаттары Жанарбек Әшімжанов (жұмыс тобының жетекшісі) пен Александр Данилов жауап берді.

ҚОҒАМ

19 ҚАРАША 2026 | БЕЙСЕНБІ

ӘDILET

ЖАСТАР ЖИ-ді ҮЙРЕТЕДІ

«Әділет» партиясының жастар қанаты еліміздің барлық 20 өңірін қамтитын «Жасампаз AI» республикалық жобасын іске қосты. Жобаға шалғай ауылдардың тұрғындарын қоса алғанда 270 мыңнан астам адамды тарту жоспарланып отыр. Қатысушылар цифрлық сервистер мен жасанды интеллект құралдарын пайдалануды, түрлі контент жасауды және өз жобаларын әзірлеуді үйренеді.



«Жасампаз AI» жобасы – «Әділет» партиясының Президент Жолдауында қойылған міндеттерді іске асыру бағытындағы жұмысының бір бөлігі. Жоба халықтық цифрлық экономиканы дамытуға және заманауи технологияларды азаматтарға қолжетімді етуге бағытталған.

Партия сайлауалды бағдарламасында кемінде 5 миллион қазақстандыққа жасанды интеллектімен жұмыс істеу дағдыларын үйретуді көздеген. «Жасампаз AI» осы міндетті іс жүзінде орындауға арналып отыр. Бұл ретте ауыл жастарына ерекше көңіл бөлінеді. Мақсат – заманауи технологиялар мен білім алу мүмкіндіктерін тұрғылықты жеріне қарамастан, баршаға қолжетімді ету.

Алғашқы іс-шаралар Батыс Қазақстан облысы мен Шымкент қаласында өтті. Батыс Қазақстан облысында ұйымдастырылған «Халыққа арналған цифрлық кеңседегі AI» шеберлік сабағында қатысушылар заманауи мемлекеттік қызметтермен танысты. Жастар халыққа қызмет көрсету орталықтарында цифрлық қызметтерді өз бетінше алуды, соның ішінде арнайы терминалдар арқылы жеке куәлік пен паспорт рәсімдеуді үйренді.

«Жастар Рухы» жастар қанатының Батыс Қазақстан облыстық филиалының төрағасы Ерлік Шамғали мұндай сабақтар жастардың цифрлық технологияларды күнделікті өмірде еркін пайдалануына көмектесетінін атап өтті.

– Шеберлік сабағында жастар мемлекеттік қызметтерді цифрлық форматта алудың тиімді жолдарын тәжірибе жүзінде меңгерді. Бүгінде көптеген қызмет автоматтандырылған. Мысалы, құжат рәсімдеуге арналған жаңа терминалдар уақытты едәуір үнемдеуге мүмкіндік береді. Біздің мақсатымыз – жастарға осындай технологияларды меңгертіп, оларды күнделікті өмірде еркін қолдануға көмектесу, – дейді жастар қанатының өкілі.

Шымкентте қалалық әкімдікпен бірлесіп ұйымдастырылған ЖИ-ді бизнес, медицина және технологиялық әзірлемелер салаларында қолдану мүмкіндіктеріне арналған форум өтті. Қатысушылар стартаптар мен машиналық оқытуды дамыту мәселелерін талқылап, MedTech Startup Battle байқауы мен Decentrathon хакатонында өз жобаларын таныстырды.

Форумға қатысқан Арлен Асылбекұлының айтуынша, алған білімі жастарға сұранысқа ие мамандықтарды меңгеруге және өз бастамаларын дамытуға көмектеседі.

– Біз жасанды интеллект құралдарын күнделікті өмірде, оқуда және жұмыста қолдануды тәжірибе жүзінде үйрендік. Мұндай білім жастарға еңбек нарығында сұранысқа ие дағдыларды меңгеруге, жаңа мамандықтарды игеруге және болашақта өз кәсібін ашуға көмектеседі деп ойлаймын. Сондықтан осындай оқыту шаралары біз үшін өте пайдалы, – деді ол.

«Жасампаз AI» жобасы үш бағыт бойынша жүзеге асырылады.

AI Academy аясында 50 мыңнан астам жас білім алады. Қатысушылар жасанды интеллектінің көмегімен мәтін, сурет, презентация және бейнеролик жасауды, сондай-ақ цифрлық сервистер мен мобильді түсірілім құралдарын пайдалануды үйренеді.

AI Challenge 20 мыңнан астам қатысушыны біріктіреді. Олар алған білімдерін шығармашылық және технологиялық жобаларды әзірлеуде қолдана алады. Байқаудың 20 өңірлік және бір республикалық кезеңін өткізу жоспарланған.

«AI Ауылға» бағыты ауыл тұрғындарының цифрлық дағдыларын дамытуға арналған. Оқыту Қазақстанның мыңнан астам ауылындағы 200 мыңнан астам мұғалім мен оқушыны қамтиды. Қатысушыларға жасанды интеллектіні, онлайн сервистер мен білім беру платформаларын оқу барысында және күнделікті өмірде қолдану жолдары үйретіледі.

Алдағы уақытта «Әділет» партиясының жастар қанаты еліміздің барлық өңірінде оқыту сабақтарын, тәжірибелік шеберлік сабақтары мен технологиялық байқауларды кезең-кезеңімен өткізуді жоспарлап отыр. «Жасампаз AI» жобасы цифрлық дағдыларды үйретуді, жастардың технологиялық бастамаларын қолдауды және заманауи білім алу мүмкіндіктерін соның ішінде ауылдық жерлерде де кеңейтуді көздейді.



ДАМУ

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІСТІҢ ӨРІСІ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ

Ақтөбе облысында жергілікті өндірісті дамытуға, жаңа өнеркәсіптік кәсіпорындар ашуға, отандық қамту үлесін арттыруға және ел ішінде орнықты өндірістік тізбектер қалыптастыруға бағытталған бірқатар маңызды жоба жүзеге асырылуда. Өйткені өңір экономикасының тұрақты дамуы өнеркәсіптік әлеуеттің тиімді пайдаланылуына, өндіріс көлемінің ұлғаюына және жергілікті кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігіне тікелей байланысты.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ



Бүгінде өнеркәсіпті дамыту тек жаңа өндіріс орындарын іске қосумен шектелмейді. Оның басты міндеті – шикізатты өңдеп, қосылған құны жоғары өнім шығару, импортқа тәуелділікті төмендету және ішкі нарықты отандық тауарлармен қамтамасыз ету. Бұл ретте жергілікті кәсіпорындар арасындағы кооперацияны нығайту, өндірістік байланыстарды кеңейту және шағын әрі орта бизнестің ірі өнеркәсіп жобаларына қатысуына мүмкіндік жасау маңызды.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2025 жылдың қорытындысында облыста өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2 трлн 937,9 млрд теңгеге жеткен. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 4,2 пайызға жоғары. Ал 2026 жылдың қаңтар-қыркүйегінде өнеркәсіп өндірісінің нақты көлем индексі 102,2 пайызды құрады. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде 653 млрд теңгенің өнімі өндірілген.

Облыстық Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Досжан Әлібековтің айтуынша, өңірде өндірісті дамыту мен инвестиция тартуға айрықша мән беріліп отыр. Жыл басынан бері 9 айда облыс экономикасына 624 млрд теңге инвестиция тартылған.

Оның айтуынша, облыста 4,5 мыңға жуық өнеркәсіптік кәсіпорын жұмыс істейді. Бұл салада 45 мыңнан астам адам еңбек етеді. Өңірдің өндірістік әлеуетін азық-түлік, құрылыс материалдары, машина жасау, металлургия және фармацевтика салалары еселеп отыр. Мәселен, фармацевтика өндірісінде өсім 363 пайызға жетсе, құрылыс материалдары өндірісінде 126, азық-түлік өндірісінде 113 пайызды құрады.



Кейінгі жылдары өңірде жаңа өндіріс орындарын ашуға мол мүмкіндік қарастырылып отыр. Алға, Мұғалжар, Байғанин және Хромтау аудандарында өндірістік субаймақтар құрылып, оларға қажетті инженерлік инфрақұрылымды тарту жұмысы қолға алынған.

Аймақта жүн өңдейтін Kaz Feltec өндірістік кәсіпорнының іске қосылуы шикізатты терең өңдеу ісіне жаңа серпін беріп отыр. Кәсіпорын жылына 2 200 тоннаға дейін дайын өнім өндіруге қауқарлы. Мұнда жылу және дыбыс оқшаулағыш панельдер мен техникалық киіз шығарылады. Шикізат негізінен аймақтағы шаруа қожалықтарынан қабылданады. Жүн белгіленген талаптарға сай сұрыпталып, арнайы желілерде жуылып, кептіріліп, қоқыс пен өзге де қоспалардан тазартылады.

Мамандардың айтуынша, қой жүні жылуды жақсы сақтап қана қоймай, дыбысты оқшаулау қасиетімен де ерекшеленеді. Табиғи әрі гигроскопиялық материал бөлмедегі артық ылғалды сіңіріп, қолайлы жағдайда оны қайта бөле алады.

Қазір кәсіпорын өнімдерін құрылыс саласында қолдану мүмкіндігін кеңейту бағытында жұмыс істеп жатыр. Атап айтқанда, жүннен жасалған материалдарды еден астына төселетін дыбыс оқшаулағыш қабат ретінде пайдалану қарастырылуда. Осыған байланысты компания бастамасымен табиғи қой жүнінен жасалған жылу және дыбыс оқшаулағыш панельдерге арналған мемлекеттік СТ РК стандарты әзірленіп жатыр. Стандарт бекітілсе, өнімді құрылыс саласында кеңінен қолдануға мүмкіндік артады. Бүгінде кәсіпорын өндіріс көлемін арттырып, жаңа нарықтарға шығуды көздеп отыр. Оның ішінде қазақстандық жүнді дайын өнім ретінде экспорттау – компанияның негізгі мақсатының бірі. Сонымен қатар алдағы уақытта мал шаруашылығынан алынатын басқа да шикізатты, теріні кәдеге жаратуға бағытталған жобаларды іске асыру мүмкіндігі қарастырылып жатыр.

Аймақта жүн өңдейтін Kaz Feltec өндірістік кәсіпорнының іске қосылуы шикізатты терең өңдеу ісіне жаңа серпін беріп отыр. Кәсіпорын жылына 2 200 тоннаға дейін дайын өнім өндіруге қауқарлы. Мұнда жылу және дыбыс оқшаулағыш панельдер мен техникалық киіз шығарылады.

Өңірдегі заманауи өндіріс орындарының бірі – FIBC Kazakhstan ЖШС. Бұл кәсіпорын нарықта сұранысқа ие вагон ішіне арналған полипропилен қаптамалар, биг-бэгтер, пологтар (жүк жабындары) мен полипропилен таспаларын өндіреді. Бүгінде аталған кәсіпорын өндіріс көлемін бірнеше есе арттыруды жоспарлап отыр. 2016 жылы шағын тігін цехы ретінде жұмысын бастаған кәсіпорын қазір шикізаттан бастап дайын өнімге дейінгі толық өндірістік циклді қалыптастырған.

Ал облыста 2021 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Alash Engineering Technology ЖШС бүгінде еліміздегі стандартты емес резеңке-техникалық бұйымдар өндіретін жетекші кәсіпорындардың бірі саналады. Өндіріс алаңында втулкалар, резеңке-металл бұйымдары, манжеттер, мембраналар, диафрагмалар және басқа да өнім түрлері шығарылады. Alash Engineering Technology өз өнімдерін Қазақстанның барлық өңіріндегі кәсіпорындарға жеткізеді. Олардың қатарында теміржол компаниялары, ірі мұнай және өнеркәсіп ұйымдары, сондай-ақ кен орындарында жұмыс істейтін кәсіпорындар бар. Компания экспорт бағытын да дамытуда.

Жалпы айтқанда, Ақтөбе облысы – өнеркәсібі дамыған, табиғи ресурсқа бай, инвестициялық әлеуеті жоғары, бір сөзбен айтқанда, еліміздің жетекші индустриялық облысының бірі. Экономиканың әртараптандырылған құрылымы мен ірі инвестициялық жобалардың іске асырылуы өңірдің одан әрі тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына берік негіз қалыптастырып отыр.

Маусым айында Американың алпауыт корпорациясы – Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі Ақтөбе облысына халықаралық кредиттік рейтингін берді. Мамандардың сөзінше, халықаралық кредиттік рейтингінің болуы ең бірінші өңір инфрақұрылымын дамыту үшін бюджеттен тыс қаржыландыру көзін тарту мүмкіндігін кеңейтеді. Бұл жаңа жұмыс орындарын ашу, кәсіпкерлікті дамыту, коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар нысандарды салу мен қайта жаңғыртуға оң ықпал етуі мүмкін.

Ресми ақпаратқа сәйкес, қазір облыста 83 мыңнан астам кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Соңғы үш жылда 4,5 мыңға жуық кәсіпкерлік жобаға 41,7 миллиард теңге көлемінде қолдау көрсетілді. Жалпы, өңірде өндірісті әртараптандыру, жергілікті шикізатты терең өңдеу және жаңа нарықтарға шығу бағытындағы жұмыс кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді.


ӘЛЕУМЕТ

19 ҚАРАША 2026 | БЕЙСЕНБІ

ИНКЛЮЗИВТІ СПОРТТА БІЛІКТІ МАМАН ЖЕТІСПЕЙДІ

Қазақстанда 743 мыңнан астам мүгедектігі бар адам тұрады. Алайда олардың 66 мыңға жуығы ғана денешынықтырумен және спортпен тұрақты айналысады, яғни медициналық қарсы көрсетілімдері жоқ азаматтардың небәрі 19,5 пайызы ғана деген сөз. Елімізде 26 мыңнан астам спорт нысаны бар екенін ескерсек, бұл көрсеткіш ойландырмай қоймайды.

Ербол ТҰРЫМБЕТ



Астанадағы балаларды бейімдеу спорт орталығының басшысы Азамат Рамазанов – көп жылдан бері мүгедектігі бар және ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеп келе жатқан мамандардың бірі. Оның айтуынша, елімізде инклюзивті спортты дамыту жолындағы басты мәселелердің бірі, спорт мұндай балалар үшін қажетті деңгейде қолжетімді емес.

– Инклюзивті спортта ең алдымен әр балаға жеке көзқарас қажет. Яғни әр баланың ерекшелігі мен қажеттілігін ескере отырып, онымен жеке жұмыс істеу керек. Алайда қазір жаттығулар негізінен топтық форматта ұйымдастырылады. Ал спорттың ерекше қажеттіліктері бар балалардың дамуы үшін маңызы өте зор. Әсіресе бала 15 жастан асқаннан кейін қиындықтар көбейеді. Олардың спортпен әрі қарай айналысуына мүмкіндік беретін арнайы жабдықталған орын табу да, білікті жаттықтырушы табу да оңай емес, – дейді маман.

Азамат Сағатұлының сөзінше, орталық мамандары күнделікті кездесетін өзекті мәселелердің бірі осы. Соның салдарынан спортқа бейімделіп, тұрақты жаттығуды әдетке айналдырған балалардың әрі қарай дамуына кедергі туындайды.

– Біздің орталықтағы балалар есейген кезде оларды әрі қарай қайда бағыттайтынымызды білмей қаламыз. Өйткені олар спортты тастағысы келмейді, керісінше тұрақты түрде жаттығып, дамуын жалғастырғысы келеді. Сондықтан ең алдымен инклюзивті спорт саласындағы арнайы мамандар санын көбейту керек деп ойлаймын. Сонымен қатар олардың еңбегіне лайықты жалақы төлеу маңызды. Себебі мұндай балалармен жұмыс істеу жаттығу өткізумен ғана шектелмейді. Ол үлкен жауапкершілікті, шыдамдылықты және әр баланың нәтижесіне ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Мамандардың кәсіби тұрғыдан қажып кетпеуіне жағдай жасап, еңбегінің нәтижелі болуын қамтамасыз ету қажет, – дейді маман.

Қоғам түйткілдерінің біріне айналған мәселе кеше Құрылтайда да көтерілді. «Әділет» партиясы фракциясының депутаты Айсұлу Сүлеймен Туризм және спорт министріне депутаттық сауал жолдап, параспорт саласындағы қордаланған проблемаларды шешуді ұсынып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту бойынша ауқымды міндеттер қойған еді. Осы мақсаттарға 2029 жылға дейін Ұлттық қордан шамамен 6,5 триллион теңге қарастырылған. Алайда әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған қомақты инвестицияның тиімділігі салынған нысандардың санымен ғана емес, олардың халықтың барлық санатына қаншалықты қолжетімді екенімен де өлшенуге тиіс.

Депутаттың айтуынша, бүгінде еліміздегі 743 мыңнан астам мүгедектігі бар адамның 124 мыңнан астамы – балалар. Соған қарамастан спортпен тұрақты айналысатын азаматтардың үлесі төмен күйінде қалып отыр. Денсаулық жағдайы спортпен шұғылдануға мүмкіндік беретін әрбір бес адамның төртеуі тұрақты жаттығуға қатыспайды. Айсұлу Сүлейменнің пікірінше, бұл мәселені тек инфрақұрылымның жетіспеушілігімен байланыстыруға болмайды. Спорт нысандарының нақты қолжетімділігі, арнайы мамандардың тапшылығы және параспорт мүмкіндіктері туралы ақпараттың жеткіліксіздігі де назар аударуды қажет етеді.

Депутат бұл мәселені халық қалаулысы ретінде ғана емес, кәсіби параспортшы ретінде де көтеріп отыр. Ол 2011 жылы жолкөлік оқиғасында екі аяғынан айырылып, алты жыл өткен соң ғана спортқа келген. Мұның себебі, спортпен айналысуға құлшыныстың болмауы емес, параспорттың мүмкіндіктері туралы білмеген.

– Бүгінде халықаралық жарыстарда Қазақстан намысын қорғап жүрмін. Кейде ойға қалам, мен сияқты қаншама бала мен жастар әлі күнге дейін параспортпен айналысуға мүмкіндігі бар екенін білмей жүр? – дейді Айсұлу Сүлеймен.

Оның айтуынша, еліміздегі спорт инфрақұрылымының қолжетімділігі әлі де өзекті мәселе болып отыр. Спорт кешендерінде пандус пен лифт болмай жатады. Сондықтан оларды параспортшылардың қажеттілігіне толық бейімделген нысан деп есептеуге келмейді. Ол үшін арнайы жабдықталған жаттығу залдары, бейімделген спорт құралдары, қолжетімді киім ауыстыратын бөлмелер мен санитариялық тораптар қажет. Әсіресе өңірлерде мүгедектігі бар азаматтардың спорт секцияларын таңдау мүмкіндігі шектеулі.

Сондықтан депутат елдегі барлық спорт нысанына түгендеу жүргізіп, олардың параспортшыларды қабылдауға қаншалықты дайын екенін анықтауды ұсынды. Сонымен қатар жаңадан салынатын және қайта жаңғыртылатын спорт кешендерінде параспортшылардың денешынықтырумен айналысуына қажетті жағдайлар алдын ала қарастырылуға тиіс. Нысандар пайдалануға берілгеннен кейін де олардың қолжетімділігін тұрақты бақылаған жөн.

Саладағы тағы бір күрделі мәселе – білікті жаттықтырушылардың тапшылығы. Параспортшылармен жұмыс істеу үшін арнайы білім мен кәсіби даярлық қажет. Биылдан бастап спорт мектептерінің жекелеген санаттарындағы жаттықтырушы-оқытушыларға біліктілік санаты үшін 30 пайыздық үстемеақы енгізілген. Алайда бұл қолдау мамандандырылған параспорт клубтары мен орталықтарының қызметкерлерін қаншалықты қамтып отырғаны белгісіз.

Осыған байланысты Айсұлу Сүлеймен Туризм және спорт министрлігінен өңірлердегі параспорт жаттықтырушыларының нақты санын, жалақы деңгейін және маман тапшылығын анықтауды сұратты. Сондай-ақ мамандандырылған параспорт ұйымдарында жұмыс істейтін жаттықтырушыларға ынталандыру төлемдерін қолдану мүмкіндігін қарастыруды ұсынды. Депутаттың пайымынша, арнайы даярланған мамандар болмаса, заманауи спорт кешендерінің өзі күткен нәтижені бермейді.

Балаларды спортқа ерте жастан тарту мәселесі де депутаттық сауалда ерекше қозғалды. Келтірілген мәліметке сәйкес, 109 мыңнан астам мүгедектігі бар баланың шамамен 23 мыңы ғана спортпен айналысады. Қалған балалардың спорттан тыс қалуына қандай жағдайлар әсер етіп отырғаны әлі де жан-жақты талдауды қажет етеді. Бұған білікті жаттықтырушының, арнайы жабдықтың немесе қолжетімді спорт секциялары туралы ақпараттың жетіспеуі себеп болуы мүмкін.

Айсұлу Сүлейменнің пікірінше, мүгедектігі бар бала мен оның ата-анасы спортпен айналысу мүмкіндіктері туралы ақпаратты өз бетінше іздеуге мәжбүр болмауы керек. Ол үшін мектептер, медициналық және оңалту орталықтары, спорт ұйымдары мен ата-аналар арасында тиімді өзара байланыс жүйесін қалыптастыру қажет. Бұл балаларды денсаулық жағдайы мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, спортқа ерте жастан тартуға жол ашады.

Параспортты қаржыландыру мәселесі де ерекше назар аударуды қажет етеді. Қазақстан халықаралық жарыстарда жеңіске жеткен параспортшылардың жетістіктерін мақтан тұтады. Алайда кәсіби спортпен қатар бұқаралық және балалар параспортын дамытуға қанша қаражат бөлініп жатқанын да нақты білу қажет. Осы мақсатта депутат 2027-2029 жылдарға арналған параспорт бюджетінің жеке жоспарланып, есепке алынуын қарастыруды сұрап отыр. Атап айтқанда, бұқаралық және балалар параспортын, спорт резервін даярлауды және жоғары жетістіктер спортын қаржыландыруды бөлек көрсету жайын айтады.

Қорыта келгенде, министрлікке 6 бағыт бойынша ұсыныс жолданып отыр. Сонымен қатар 2027-2029 жылдарға арналған бұқаралық және балалар параспортының қолжетімділігін дамыту жөніндегі нақты іс-шаралар жоспарын әзірлеу қажет екені айтылды. Онда жауапты мемлекеттік органдар, іске асыру мерзімдері, қаржыландыру көздері және өңірлер бойынша өлшенетін нәтижелік көрсеткіштер белгіленуге тиіс.

ЦИФРЛЫҚ ЗОРЛЫҚ: БАЛАНЫ ВИРТУАЛДЫ КЕҢІСТІКТЕ КІМ ҚОРҒАЙДЫ?

(Басы 1-бетте)

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

Ал қазіргі балалар мен жасөспірімдердің бос уақытының көбі онлайн кеңістікте өтетінін ескерсек, бала қауіпсіздігін қорғау қаншалықты күрделі екенін аңғару қиын емес. Мәселен, Kazakhstan Kids Online әлеуметтік зерттеуіне сүйенер болсақ, балалардың 46%-дан астамы интернетті алғаш рет 5-8 жас аралығында қолдана бастайды, ал жоғары сынып оқушыларының 95%-дан астамының әлеуметтік желілерде аккаунттары бар. Балалардың шамамен 60%-ы интернетті оқу мақсатында пайдаланса, ал 66%-ы әлеуметтік желілерде қарым-қатынас жасау үшін қолданады. Аталған зерттеу ұл балалардың 12,4%-ы және қыздардың 10,1%-ы интернетте танысқан адамдармен офлайн кездескенін, балалардың 7,4%-ы айына кемінде бір рет желіде жыныстық сипаттағы бейнелерді көретінін, 7,1%-ы жыныстық мазмұндағы хабарламалар алатынын көрсеткен.

Мемлекет басшысының бастамасымен кейінгі жылдары балалардың әлеуметтік және құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында заңдар қабылданып, реформалар іске асырылуда. Сонымен қатар жасөспірімдердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі саналады. Балаларды зиянды ақпараттан қорғау «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасы заңымен реттеледі, онда мемлекеттік органдардың балаларды теріс ақпараттың әсерінен қорғау саласындағы құзыреттері және олардың ведомствоаралық өзара іс-қимылы қарастырылған. Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл департаменті де құрылды.

ЗАҢ ЦИФРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ТОЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕ АЛА МА?

Алайда заңнамалық кепілдіктердің болуы баланың цифрлық кеңістіктегі қауіпсіздігін толық қамтамасыз ете алмауы мүмкін. Өйткені интернеттегі зорлық-зомбылықтың сипаты күрделі. Ал оны анықтау мен жолын кесу оңай емес. Мәселенің тағы бір күрделі тұсы – балалардың көп жағдайда мұндай әрекеттерге тап болғанын ата-анасына айтуға қорқуы. Бірі ұялады, енді бірі өзіне кінә артады, ал кейбірі интернеттегі бейтаныс адамның қоқан-лоқысына сеніп, үнсіз қалуға мәжбүр болады.

Сондықтан «Заңнамалық кепілдіктердің болуы баланың цифрлық кеңістіктегі қауіпсіздігін толық қамтамасыз ете ала ма? Жалпы, баланы цифрлық зорлықтан қорғаудың құқықтық, технологиялық және тәрбиелік тетіктері қаншалықты тиімді?» деген сұрақ туады.

IT саласының сарапшысы, журналист Мейіржан Әуелханұлының айтуынша, заң жалғыз өзі баланың цифрлық кеңістіктегі қауіпсіздігін толық қамтамасыз ете алмайды.

– Заң «не істеуге болмайды» деген шекараны белгілейді және кінәліні жазалайды, бірақ зиянның алдын толық ала алмайды. Интернетте қылмыскер көбіне басқа елде отырады, жалған аккаунт қолданады, ал контент бірнеше секундта таралып кетеді. Іс сотқа жеткенше бала психологиялық жарақат алып үлгереді. Сондықтан заң – іргетас, бірақ тұтас «үй» емес. Ал құқықтық тетіктер қаншалықты тиімді екенін айтатын болсақ, заң екі жағдайда жақсы жұмыс істейді. Біріншісі – жаза сөзсіз болғанда, яғни шағым тез қаралып, кінәлі нақты табылғанда. Екіншісі – заң тек жеке адамды емес, платформаны да міндеттегенде. Әлемде бұл ерікті шарадан міндетке айналып жатыр. Мысалы, Ұлыбританияда киберфлешинг қылмыс болып саналады, ал платформалар мұндай контенттің алдын алуға міндетті, орындамаса, әлемдік табысының 10 пайызына дейін айыппұл төлейді. Бізде әзірге негізгі назар жасқа қатысты шектеуге ауып тұр, ал мессенджерлер мен платформаның «әдепкі қорғаныс» міндеті назардан тыс қалып отыр. Яғни елімізде 16 жасқа дейінгі балаларды әлеуметтік желіге тіркеуді шектеу енгізілмек, бірақ ол мессенджерлерге қатысты емес. Менің ойымша, бұл – олқылық, себебі балалармен байланыс көбіне дәл мессенджер арқылы басталады, – деді маман.

Дегенмен қазіргі әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде пайдаланушыларды қажетсіз интимдік материалдардан қорғайтын бірқатар тетіктердің бар екенін айтуымыз керек. Мәселен, Instagram-да жасөспірім аккаунттарында жалаңаштық күдігі бар сурет әдепкі бойынша бұлдырланып көрсетіледі, пайдаланушы оны ашу-ашпауды өзі таңдайды. Apple құрылғыларында да сурет немесе видеоларды бала көрмей тұрып тоқтата алатын функция бар, сурет телефонның өзінде тексеріледі. Одан бөлек, бейтаныс адамның хат жазуын шектеу, ЖИ арқылы күдікті мінез-құлықты анықтау тетіктері жұмыс істеп тұр. Маманның сөзінше, бірақ мұндай қорғаныс тетіктерінің де шегі бар. Себебі бала жасын жалған көрсетсе, қорғаныс өшіп қалады. ЖИ қателесуі мүмкін және ол әлі де қазақ тіліндегі мәтінді нашар түсінеді.

– Технология жиналмалы қорғаныс сияқты: көп нәрсені ұстайды, бірақ бәрін емес. Менің ойымша, ең ұзақ әрі ең сенімді әсер беретін құрал, ол – тәрбие тетіктері. Заң мен технология сыртқы қоршау болса, тәрбие – баланың ішкі иммунитеті. Бала бейтаныс адамның «манипуляциясын» таныса, жеке шекарасын білсе және ең бастысы, ұрыс естимін деп қорықпай ата-анасына айта алса, көп қауіп басталмай жатып тоқтайды. Көп жағдайда бала ұяттан немесе жазалаудан қорқып үндемейді, ал қылмыскер дәл осыған сенеді. Сондықтан ата-ана мен мұғалімнің сенімді қарым-қатынасы кез келген сүзгіден күшті, – деді Мейіржан Әуелханұлы.

Оның айтуынша, үш тетіктің ешқайсысы жалғыз жеткіліксіз, олар тек бірге жұмыс істегенде нәтиже береді. Заң платформаларды міндеттеуі керек, технология қауіпті алдын ала тоқтатуы керек, ал тәрбие баланың өзін саналы етуі керек. Бір сөзбен айтқанда, заң жазалайды, технология тоқтатады, тәрбие сақтандырады.



ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНІҢ САҚТЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ ҚАНДАЙ?

Сондай-ақ соңғы жылдары әлемде платформалардың жауапкершілігін арттыру ерікті шарадан міндетке айналып келеді. Мәселен, Австралияда 2025 жылғы 10 желтоқсаннан бастап әлеуметтік платформалар 16 жасқа толмаған балалардың аккаунт ашуына немесе бұрынғы аккаунтын сақтап қалуына жол бермеу үшін шаралар қабылдауға міндеттелді. Бұл талап Facebook, Instagram, TikTok, Snapchat, X, YouTube және Reddit сияқты платформаларға қатысты. Австралиядағы алғашқы нәтижелерге сәйкес, желтоқсан айының ортасына қарай платформалар 16 жасқа толмаған пайдаланушыларға тиесілі деп анықталған шамамен 4,7 млн аккаунтқа шектеу қойған. Кейін жүргізілген зерттеуде әлеуметтік желіде жеке аккаунты бар 16 жасқа толмаған балалардың үлесі 52,4%-дан 42,1%-ға дейін төмендеген.

Әлемде балалардың әлеуметтік желіні пайдалануын реттеудің басқа да тәсілдері бар. Мысалы, Meta АҚШ-тың 52 бас прокурорымен жасөспірімдердің Facebook пен Instagram-ды пайдалану тәртібін өзгерту жөнінде келісім жасаған. Онда әлеуметтік желіні пайдалануға уақыт бойынша шектеу қою және түнгі уақытта кей функцияларды бұғаттау сияқты талаптар қарастырылған. Қытайда да кәмелетке толмағандарға арналған арнайы режим қолданылады. Ал Еуропалық Одақ балаларды платформаларда ұзақ уақыт ұстап тұруы мүмкін функцияларды шектеуге басымдық беріп отыр. Олардың қатарында push-хабарламалар, бейнелерді автоматты түрде ойнату және пайдаланушыны сервисті ұзақ қолдануға ынталандыратын өзге де функциялар бар. Яғни бала қауіпсіздігін қорғауда әртүрлі елдің тәжірибесі бір ғана шарадан гөрі бірнеше тетікті қатар қолданудың маңызын көрсетеді. Жалпы, бұл бағыттағы шаралар тізбегі әлеуметтік желіні пайдаланушының жасын тексеру, қолжетімділікті шектеу, платформалардың жауапкершілігін арттыру және балалардың цифрлық сауаттылығын күшейту секілді басты міндеттерді құрайды.

НАҚТЫ ӘРІ ПӘРМЕНДІ ШАРАЛАР ҚАЖЕТ

Қазақстанда да осы бағыттағы шаралар біртіндеп қалыптасып келеді. «Қазақстан балалары – 2026-2030» тұжырымдамасында 1-сыныптан бастап цифрлық білім беруді енгізу қарастырылған. Оның аясында киберқауіпсіздік, цифрлық гигиена, сыни ойлау және медиасауаттылық негіздерін оқыту жоспарланған.

Президенттің онлайн-платформаларға зиянды контент таратқаны үшін жауапкершілік жүктеу және балалар үшін қауіпсіз цифрлық орта қалыптастыру туралы тапсырмасына сәйкес, қазір жасөспірімдерге арналған интернет пен мобильді сервистерге қолжетімділіктің арнайы баптауларын енгізу, контентті сүзгілеу және ата-ана бақылауын күшейту мәселелері талқыланып жатыр.

16 қарашада жасөспірімдерге ресми түрде әлеуметтік желі қолдануға тыйым салатын заң жобасы Құрылтай депутаттарының қарауына түсті. Айбек Дәдебайдың төрағалығымен өткен бюро «Онлайн-платформа және масс-медиа туралы» заң жобасын алдағы Құрылтай жиындарының күн тәртібіне енгізді.

Атап айтқанда, түзетулерде 16 жасқа толмаған балалардың әлеуметтік желілерде тіркелуіне тыйым салу, онлайн-платформалардың өкілдіктерін міндетті түрде есепке қою, білім беру курстарын әзірлеушілерге қойылатын талаптарды белгілеу және басқа да шаралар қарастырылған. Құжатта БАҚ жұмысына қатысты да бірқатар жаңа өзгеріс енгізу жоспарланған.

Құрылтай депутаты, «Әділет» партиясы фракциясының мүшесі Әсел Баденова цифрлық ортада балалар қауіпсіздігін қорғау мәселесіне алаңдаушылық білдіріп, Ішкі істер министрі Ержан Саденовке депутаттық сауал жолдады. Оның айтуынша, балаларды зорлық-зомбылықтан және өзге де құқық бұзушылықтардан қорғау шаралары тек нақты өмірдегі қауіпсіздікпен шектелмеуі керек. Бүгінде цифрлық орта күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Ендеше балалардың қауіпсіздігі бұл кеңістікте де қамтамасыз етілуге тиіс.

– Балаларды қорғауға бағытталған заңнамалық шаралар бар. Алайда киберфлешинг әрекеті үшін қандай жауапкершілік қарастырылған?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құқықбұзушылықтың алдын алу мәселесіне айрықша мән беріп келеді. Президенттің айтуынша: «Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарын күшейту керек. Қылмыс себептерін анықтап, жойып отыру қажет».

Қазіргі таңда елімізде балаларды зорлық-зомбылықтан, жыныстық сипаттағы тиісуден және өзге де құқықбұзушылықтардан қорғаудың заңнамалық тетіктері қалыптасқан. Алайда бұл тетіктер тек физикалық кеңістікте ғана емес, күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналған цифрлық ортада да жұмыс істеуі қажет, – деді депутат.

Сонымен қатар депутат «Қазақстан балалары 2026-2030» тұжырымдамасына негіз болған зерттеулерге сәйкес, балалардың 7,1%-ы сексуалдық сипаттағы хабарламалар алатыны, ал 7,4%-ы интернеттен интимдік бейнелерді айына кемінде бір рет көретіні туралы айта келіп, мұндай жағдайларға мемлекет тарапынан ден қоюдың нақты тетігі болуы, сондай-ақ балалар мен ата-аналардың көмек сұрап, қорғана алуы маңызды екеніне назар аударды.

– Осы орайда маңызды бір сұрақ туындайды: кәмелетке толмаған балаға оның келісімінсіз интимдік сипаттағы материалдарды қасақана жіберу әрекетінде қылмыстық құқықбұзушылық белгілері болмаса, мұндай әрекетке қандай құқықтық баға беріледі? Қазіргі уақытта цифрлық ортадағы мұндай қауіптер жеке есепке алынбайды. Құқықтық статистика комитетінің мәліметінше, цифрлық арналар арқылы сексуалдық сипаттағы материалдарды адамның келісімінсіз алу фактілері, олар бойынша қабылданған шешімдер мен берілген құқықтық бағалар бөлек тіркелмейді. Қолда бар деректер тек осыған ұқсас қылмыстық құқықбұзушылықтарға қатысты, – деді депутат.

Депутат осы мәселеге байланысты аталған құқықтық олқылықты жою мақсатында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгерістер енгізу, атап айтқанда, адамның рұқсатынсыз немесе келісімінсіз жыныстық мазмұндағы материалдарды жіберуге қатысты 434-4-бапты енгізу бастамасын көтерді. Оның сөзінше, бұл бап қылмыстық құқықбұзушылық белгілері болмаған жағдайда, нақты бір адамға оның келісімінсіз интимдік материалдарды қасақана жібергені үшін әкімшілік жауапкершілік белгілеуді көздейді.

– Осыған байланысты Ішкі істер министрлігінен аталған құқықтық олқылыққа және қылмыстық құқықбұзушылық белгілері болмаған жағдайда мұндай әрекеттер үшін жеке әкімшілік жауапкершілік енгізу мәселесіне қатысты министрліктің ұстанымын білдіруді сұраймын. Балалардың цифрлық ортадағы жыныстық қолсұғылмаушылығын уақытылы қорғау үшін нақты әрі пәрменді шаралар қажет, – деді депутат.

Әрине, депутаттың сауалына құзырлы орган өкілдері белгіленген тәртіппен жауап берері, атқарылған істер мен жоспарлар жайлы мәліметтер ұсынары сөзсіз. Дегенмен біздің пайымдауымызша, киберфлешингтен қорғауда нақты технологиялық шешімдер мен елде жұмыс істейтін платформаларды кәмелетке толмағандарға қорғанысты әдепкі түрде қосуға міндеттеу, шектеулерді мессенджерлерге де қолдану, жеке деректерді платформаға бермей, жасты eGov арқылы растау, отандық мамандардың күшімен қазақ тіліндегі қауіпті хаттарды анықтайтын ЖИ модельдерін жасау, бала мен ата-ана бір батырма арқылы шағым түсіре алатын біртұтас жүйе құру, мектептегі цифрлық сауаттылық сабақтарында киберфлешинг тақырыбын нақты мысалдармен түсіндіру секілді нақты тетіктерді іске қосу керек болады.

НАРЫҚ

19 ҚАРАША 2026 | БЕЙСЕНБІ

БАСТАПҚЫ ЖАРНАНЫҢ БАЗЫНАСЫ

Қазақстанда келер жылдан бастап ипотеканың бастапқы жарнасын 10 пайызға дейін төмендету мәселесі қарастырылып жатыр. Мұндай өзгеріс пәтер алуға ниетті, бірақ алғашқы жарнаға жеткілікті қаражат жинай алмай жүрген азаматтарға мүмкіндік ашары сөзсіз. Алайда жарна азайған сайын азаматтың банктен алатын қарызы көбейеді. Ал несиеге қол жеткізетіндер саны артса, тұрғын үйге сұраныс та өсуі мүмкін. Сондықтан ұсынылып отырған өзгерістің салдарын да саралап көрген жөн.



Кәмила ДҮЙСЕН

Тәуелсіз сарапшы Айбар Олжайдың пікірінше, бастапқы жарнаны азайту – баспанаға мұқтаж азаматтарды қолдаудың бір жолы.

– Үкіметтің халыққа қолдау көрсету аясында ипотеканың бастапқы жарнасын 10 пайызға дейін төмендету мәселесін қарастырып жатқаны – жақсы жаңалық. Өйткені баспанамен қамту – халықтың әлеуметтік әл-ауқатын арттырудың негізгі бағыттарының бірі. Мемлекет азаматтардың баспана алуына өз тарапынан көмектессе, бұл сол мәселені шешуге жасалған нақты қадам болады, – дейді Айбар Олжай.

Қазақстан Ұлттық Банкінің есебіне сүйенсек, 2018 жылы елде шамамен 500 млрд теңгеге, 2019 жылы 750 млрд теңгеге, ал 2024 жылы 2,1 трлн теңгеге ипотека берілген. Сәйкесінше, осы аралықта тұрғын үй бағасы да шарықтады. Дегенмен сарапшылардың пікірінше, жеңілдікті бағдарламаларға өтінімнің көп түсуі халықтың баспанаға мұқтаж екенін және нарықтық ипотеканың шарттары көп отбасының табысына сай келмейтінін көрсетеді.

– Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының дерегінше, 2025 жылы жаңадан берілген ипотекалық несиелердің 74 пайызы жеңілдікті бағдарламаларға тиесілі болған. Ал коммерциялық банктердің нарықтық ипотекадағы үлесі 20 пайызға дейін төмендеген. Жеңілдікті бағдарламаларда пайыздық мөлшерлеме төмен болғандықтан, ай сайынғы төлем де аз болады. Нарықтық ипотекада несие құны жоғары, сондықтан оны өтеуге көп отбасының қаржылық мүмкіндігі жете бермейді, – дейді экономист Бауыржан Ысқақов.

Сарапшының сөзінше, ұзақ мерзімде нарықтық ипотека да азаматтарға қолжетімді болуы керек. Ол үшін инфляцияны төмендету, банктердің ұзақмерзімді қаржы тарту мүмкіндігін кеңейту және халықтың нақты табысын арттыру маңызды. Дегенмен Қазақстан бұған дейін де ауқымды тұрғын үй бағдарламаларын іске асырып келді.

– Тұрғын үй саясатымыздың бағыты айқын. Мемлекет баспанаға мұқтаж азаматтарға ипотеканың пайыздық мөлшерлемесі, несие шарттары және салынып жатқан тұрғын үйдің бағасы бойынша қолдау көрсетеді. Соның арқасында баспанаға мұқтаж азаматтардың бір бөлігі үй алып жатыр. Ал мемлекеттің көмегінсіз олардың баспана алуы өте қиын. Мұны мемлекеттің өз азаматтарына қамқорлық көрсетуінің бір көрінісі деп бағалаймын, – дейді Айбар Олжай.

Алғашқы жарнасы төмен ипотека шетелде де қолданылады. АҚШ-та кейбір ипотекалық өнімдерде бастапқы жарна аз болғанда, банктің тәуекелін азайту үшін сақтандыру қолданылады. Ұлыбританияда осы мақсатта мемлекеттік кепілдік берілген. Ал ипотеканың пайызы елдегі базалық мөлшерлемеге де байланысты екенін Айбар Олжай атап өтті.

– Басқа көптеген елде банктердің нарықтық мөлшерлемесі жоғары болып тұрған кезде мемлекет тарапынан мұндай қолдау сирек көрсетіледі. Әрине, ипотеканың пайызы төмен елдер бар. Бірақ ол елдерде базалық мөлшерлеме де төмен. Соған сәйкес, мысалы, депозиттің пайызы да төмен болады. Ал бізде мемлекет ипотеканы қолжетімді ету үшін едәуір көлемде субсидия беріп отыр, – дейді ол.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2025 жылғы желтоқсанда жаңа тұрғын үй бағасы бір жыл бұрынғыдан 15,7 пайызға өскен. Сол жылы елде 20,3 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Бастапқы жарна төмендеп, несие алатындар көбейсе, оның бағаға ықпалы сатылымдағы пәтер санына да байланысты болады. Әсіресе жеңілдік тек жаңа үйлерге қолданылса, қосымша сұраныс бастапқы нарыққа шоғырлануы мүмкін.

Бауыржан Ысқақовтың айтуынша, бастапқы жарнаны 20 пайыздан 10 пайызға түсіру көп отбасының ипотека алуын жеңілдетуі ғажап емес. Алайда сатып алушылар саны күрт көбейіп, сатылымдағы пәтер саны сол күйінде қалса, қосымша сұраныс тұрғын үй бағасын өсіруі ықтимал.

– Сондықтан ипотека шарттарын жеңілдетумен қатар жаңа үй құрылысын көбейту, құрылыс материалдарының өзіндік құнын төмендету және инженерлік инфрақұрылымды дамыту маңызды. Меніңше, басты мақсат – халықтың табысына сай келетін баспана ұсынысын қалыптастыру, – дейді ол.

Ал Айбар Олжай қазіргі құрылыс қарқыны мен нарықтағы белсенділікті ескеріп, бұл шара бағаны одан әрі көтере қоймайды деп есептейді.

– Бастапқы жарнаны төмендету бағаны одан әрі көтеріп жібереді деп ойламаймын. Себебі Қазақстан тұрғын үй құрылысының қарқынын жоғалтқан жоқ. Жылына 20 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй салынып келеді. Ал соңғы жылы зейнетақы жинағының тұрғын үй нарығына ықпалы бәсеңдеді. Жинақты баспана алуға пайдалану үшін белгіленген жеткіліктілік шегі көтерілгеннен кейін нарыққа осы жолмен келіп жатқан қомақты қаржы ағыны азайды. Бұрын нарыққа серпін берген осы фактордың ықпалы әлсіреген соң тұрғын үй нарығы біртіндеп салқындай бастады. Сатып алу-сату мәмілелері де азая түсті. Осындай кезде мемлекеттік ипотеканың кейбір шарттарын адамдарға ыңғайлы ету нарыққа қайтадан жаппай серпін бере қоймайды. Сондықтан бұл шараның өзі тұрғын үй бағасын одан әрі өсіруге елеулі ықпал етеді деп ойламаймын, – дейді Айбар Олжай.

Сарапшылар қазір азаматтардың баспаналы болуына кедергі болып отырған негізгі түйткілдерге де тоқтала кетті. Экономист Бауыржан Ысқақовтың пайымынша, осы тектес мынадай үш кедергіні атап өтуге болады:

– Біріншісі – тұрғын үй бағасының жоғары болуы. Екіншісі – бастапқы жарнаны жинаудың қиындығы. Үшіншісі – ай сайынғы ипотека төлемінің отбасы бюджетіне түсіретін салмағы. Мысалы, 30 млн теңгелік пәтердің бастапқы жарнасы 20 пайыз болса, 6 млн теңге жинау керек. Жарна 10 пайызға түссе, 3 млн теңге жеткілікті. Бірақ мұндай жағдайда несие сомасы 24 млн теңгеден 27 млн теңгеге дейін өседі. Мөлшерлеме мен несие мерзімі сол күйінде қалса, ай сайынғы төлем де артады. Сондықтан баспананың қолжетімділігін бағалағанда үй бағасының халық табысына қатынасын және ай сайынғы төлемнің отбасы кірісіндегі үлесін қатар қарау керек, – дейді ол.

– Ал баспанаға шынымен мұқтаж адам үшін бастапқы жарнаны азайту – тиімді тетіктердің бірі. Қазір инфляция жоғары, осындай кезде бастапқы жарнаға қажет соманы жинау қиын. Жарна төмендесе, ол баспана алғысы келетін адамдарға белгілі бір дәрежеде жеңілдік береді, – дейді сарапшы.

Төмен жарна кеңірек қолданылса, оның нәтижесі жеңілдіктің кімге берілетініне, қандай тұрғын үйге қолданылатынына және қанша отбасын қамтитынына байланысты болады.

– Әрине, бұл шараның нақты әсерін кейін есептеп, бағалай аламыз. Әуелі бағдарлама іске қосылып, жеңілдік беріле бастасын, шарттары белгілі болсын. Ең маңыздысы – оның нақты кімге берілетіні. Менің түсінуімше, жеңілдік жаппай берілмейді, баспанаға мұқтаж азаматтардың белгілі бір санатына ғана қолданылады. Сондықтан бастапқы жарнаны төмендету қаншалықты тиімді болғанын оның шарттары мен кімге берілетіні анықталғаннан кейін айта аламыз, – дейді Айбар Олжай.

Жеңілдіктің нәтижесін қанша несие берілгенімен өлшеу жеткіліксіз. Оның нарықтағы бағаға әсері мен екінші деңгейлі банктер беретін ипотекаға ықпалы да назардан тыс қалмаса дейміз.

СИРЕК МЕТАЛДАР:
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚАЗЫНАҒА ЖАҢА КӨЗҚАРАС

Мемлекет басшысы Жолдауда Үкіметке түсті және сирек жер металдарының қорын құру жөнінде тарихи маңызы бар міндет жүктеді. Бұл – жер қойнауындағы байлықты игеруге деген көзқарасты түбегейлі өзгертетін жаңа бастама. Өйткені кеңес кезінде, одан кейінгі Тәуелсіздік жылдары өндіруші кәсіпорындар мол көлемді металдарды ғана алып, сирек жер металдарын жинап алуды мұрат тұтпайтын. Енді мұндай олқылыққа жол берілмеуге тиіс. Президенттің тың тапсырмасы қалай орындалмақ? Бұл салада қандай кедергілер туындап жатыр?



Айхан ШӘРІП

ҚАЗБА БАЙЛЫҚТЫҢ ҚҰНЫ

Қазақстан – шикізатқа бай мемлекет. Бұл – ата-бабамыздан қалған ұлы мирас, зор игілік. Бірақ соны мемлекет ұтымды игеріп, ұқсатып жұмсай алып отыр ма? Олай деу қиын. Сол себепті Президент Жолдауда геологиялық барлау тәсілдерін түбегейлі өзгерту міндетін қойды. Оның пайымдауынша, жаңа кен орындарын бұрынғы заманның әдістерімен іздеу тиімділік әпермейді. Ендеше шашыранды элементтерді табу үшін қазақстандық геология жоғары технологиялық салаға айналуға тиіс.

– Қазір айрықша маңызды металдардың рөлі артып келеді. Халықаралық тәжірибеге сүйеніп, бізге де осындай металдардың қорын тиімді басқаратын ұлттық жүйе құру қажет. Аталған жүйеде тау-кен саласындағы жобаларды ұзақмерзімді қаржыландыруға мүмкіндік беретін нақты тетіктер болуға тиіс. Ұлттық түрлі-түсті және сирек кездесетін металдардың қорын қалыптастыру керек. Түпкі мақсат – елімізді жаһандық өндіріс тізбегіне қосу, – деген Қ.Тоқаев Үкіметке бұл салада дамыған елдермен стратегиялық серіктестік орнатуды жүктеді.

Осы орайда Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Иран Шархан Мемлекет басшысының Жолдауында берген тапсырмалары ел өнеркәсібін дамытудың басым іс-шаралары саналатынын жеткізді.

«Стратегиялық маңызы бар материалдар саласын дамытуға қатысты өзекті мәселелерді шешу үшін Үкімет деңгейінде арнайы комиссия құру қарастырылған. Комиссия бірыңғай өлшемшарттарды айқындап, сирек және сирек жер металдарының тізбесін қалыптастырады. Бұған қоса, Қазақстанды жаһандық өндірістік тізбектерге интеграциялау және Астанада аса маңызды шикізат материалдары саласындағы Ұлттық зертхананы құру көзделіп отыр. Бұл шикізат базасын игерудің басым бағыттарын айқындауға және импортқа тәуелділікті төмендетуге мүмкіндік береді», – деп хабарлады И.Шархан.

Мемлекет басшысы сирек жер металдарын «қазіргі заманның мұнайы» деп атаған-тын. Жалпы, сирек жер металдары (СЖМ) – химиялық қасиеттері ұқсас, табиғатта шашыраңқы таралған 17 химиялық элементтің жалпы атауы. Оларға лантан (La), церий (Ce), празеодим (Pr), неодим (Nd), прометий (Pm), самарий (Sm), еуропий (Eu), гадолиний (Gd), тербий (Tb), диспрозий (Dy), гольмий (Ho), эрбий (Er), тулий (Tm), иттербий (Yb), лютеций (Lu) сияқты периодтық жүйедегі 15 лантаноид элементі, сондай-ақ скандий (Sc) мен иттрий (Y) жатады.

СЖМ заманауи технологияларда, ЖИ мен роботты техникада, электромобиль мен гибридті көлік өндірісінде, жел электр стансалары генераторларында, смартфон, компьютер және басқа электроника өндірісінде, оптикалық талшықтар мен лазерлік технологияларда, қорғаныс өнеркәсібі мен аэроғарыш саласында, аккумуляторлар мен жоғары қуатты магнитер жасауда кең қолданылады.

Мұның сыртында вольфрам, литий, висмут, кадмий, бериллий, ниобий және тантал сирек немесе стратегиялық маңызды металдар санатына кіреді. Бүгінде Қазақстанда металдың 9 мыңнан астам кен орны тіркелсе, соның 100-ден астамында ғана сирек және сирек жер элементтері бар. Елдің шикізат базасының ерекшелігі сол, сирек элементтердің едәуір бөлігі уран, түсті және асыл металдарды өндіру кезінде қосымша компонент ретінде алынады. Бұл кешенді түрде өңдеуді және заманауи технологияларды енгізуді талап етеді.

Өнеркәсіп ведомствосының мәліметіне сәйкес, биыл пайдалы қазбалардың перспективалы жаңа учаскелерін анықтауға бағытталған 25 жоба қолға алынған. Оның шеңберінде жүргізілетін геологиялық зерттеулердің жалпы ауданы 100 мың шаршы шақырымды құрайды.

Зерттеулер барысында сирек жер металдары, литий, вольфрам, молибдені болуы мүмкін аумақтарға баса мән беріледі. Президент тапсырмасына сай, бұл жұмыстар кезінде аэрогеофизикалық және геохимиялық әдістер, жерді қашықтықтан зондтау және талдаудың заманауи зертханалық әдістері пайдаланылады. Соның нәтижесінде, мемлекет минералды-шикізат әлеуетін дәлірек бағалайды, ал инвесторлар игеруге болатын аумақтар туралы құрылымды ақпарат алмақ. Осы перспективалы учаскелерде сирек кездесетін металдардың 935,4 мың тонна болжамды ресурстары қазірден анықталды.

ДАЛАНЫҢ ДАРА БАЙЛЫҒЫ

Жалпы, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің мәліметінше, Қазақстандағы вольфрам қоры 2,4 миллион тоннаны құрайды. Висмут қоры – 280 мың, литий – 226,9 мың, кадмий – 74,8 мың, бериллий қоры – 70,7 мың тонна. Ал ниобий қоры 28 мың тоннаға, тантал – 4,6 мың, германий – 4,3 мың және галлий қоры 3,3 мың тоннаға жетеді.

Атап айтқанда, вольфрам Қараоба кен орнында бар. Литий бойынша ең ірі нысандарға Қарағайлыақтас, сондай-ақ Ахмет пен Ахмиров жатады. Молибденнің ірі кен орындары Қарағанды облысында шоғырланған: Көктенкөл, Жоғарғы Қайрақты және Солтүстік Қатпарлы. Абай облысында маңызды нысандардың бірі – Айдарлы.

Бүгінде сирек және сирек жер металдарын зерттеу бағдарламаға енгізілген 11 учаскеде аяқталды. Қарағанды облысындағы Күйректікөл учаскесі ең перспективалы деп танылды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде мұнда La, Ce, Nd және Y сирек жер металдардың жоғары болжамды қоры – 935,4 мың тоннасы анықталды. Екінші орында Ырғыз алаңы бойынша C2 санатындағы 795,8 мың тонна қор орналасты. Кеңқұдық, Ржавая Сопка, Миролюбовский, Боқай учаскелерінде де сирек және сирек жер металдарының әлеуеті байқалады.

EUobserver Орталық Азия бойынша тәуелсіз талдаушысы Маркус Шнайдердің айтуынша, электр көлігі, энергетикалық технологиялар, ЖИ, цифрлық инфрақұрылым мен заманауи өнеркәсіптің дамуы сирек жер элементтерінің стратегиялық маңызын күрт арттырды.

– Орталық Азияда бұл тұрғыда минералдық-шикізат базасы жөнінен де, сондай-ақ өнеркәсіптік даму деңгейі бойынша да Қазақстан көш ілгері. Бірақ Қазақстан үшін ендігі маңызды міндет – осы аса қат әрі құнды металдардың тек экспорт көлемін арттыру емес, қосылған құнның басым бөлігін өз экономикасында сақтап қалу болмақ. Осы орайда АҚШ, Қытай мен Еуроодақ Қазақстанмен осы саладағы әріптестігін геологиялық барлау, ғылыми зерттеулер, өңдеу және мамандар даярлау салаларына тарата бастады, – деді М.Шнайдер.

Негізгі өндірістік қуаттарын жаңа қалыптастырып жатқан елдерге қарағанда Қазақстанның өндірістік кәсіпорындары, инженерлік кадрлары және инвестиция құю әлеуеті оған артықшылық әкелді. Әйткенмен сарапшы Президенттің мұндағы олқылықты меңзегеніне назар аударттты: сирек жер металдарын барлау және өңдеу саласында заманауи, озық, төл технологияларын дамыту қажет.

Болашақтағы даму перспективалары кенді терең өңдеумен, тазартылған металдар өндірісін дамытумен, ілеспе элементтерді мұқият бөліп алумен және нақты материалдар жасаумен байланысты. Қазақстан өндірісті арттырумен шектелмеуге тиіс: ел үшін жергілікті өңдеудің үлесін ұлғайту, технологияларды жергіліктендіру және кәсіпорындарды коммерциялық орындылығы мен тұрақтылығы бойынша бағалау маңызды.

Өнеркәсіп министрлігінің дерегінше, Қазақстанның металлургия құрылымында сирек және сирек жер металдарын өндіру небәрі 2,4%-ды құрайды. 2018 жылдан бері салаға 67 млрд теңге қаржы салынған.

Қазіргі кезде Қазақстанда бериллий, тантал, ниобий, скандий, титан, рений, осмий өндірілсе, оның барысында висмут, сурьма, селен және теллур алынады. Сондай-ақ министрлік елімізде галлий мен индийді бөліп алу технологиялары барын хабарлады.

Саланың болашағы зор бағыттарына аккумулятор-батарея материалдарын, ыстыққа төзімді қорытпаларды өндіру және өңдеу, жартылай өткізгіш материалдар өндірісі және тұрақты магниттерді қайта өңдеу жатқызылыпты. Үкімет саланы дамыту үшін 2028 жылға дейінгі «Сирек және жерде сирек кездесетін металдар саласын дамытудың кешенді жоспарын» жүзеге асырып жатыр. Ол кемінде 5 жаңа өндірісті іске қосуды, қолданыстағы кәсіпорындарды жаңғыртуды және шикізатты кешенді түрде өндіріп алу технологияларын енгізуді көздейді.

Қазақстанда сирек металдардан өнімнің жекелеген түрлерін шығару үшін қазірдің өзінде базалық өнеркәсіптік инфрақұрылым қалыптасқан және ол дамытылғалы жатыр. Шығыс және Орталық Қазақстан ең перспективалы өңірлер саналады. Үлбі металлургия зауыты атом энергетикасы мен электроникада сұранысқа ие металдар – бериллий, ниобий және танталды өндеумен айналысады.

Жезқазғанда «Жезқазғансирекметалл» РМК-сі жоғары температуралы қорытпаларды, химия өнеркәсібінде қолданылатын рений мен осмийді шығарады. Оның сирек металдар цехын жаңғыртуға қаражат бөлінді. Инвесторларды тарту үшін оларға геологиялық ақпарат, сирек және сирек жер металдарының дерекқоры қолжетімді етіліпті.

Бұдан бөлек, Қызылорда облысында «Балауса» фирмасы» ЖШС ванадий концентратын өндірсе, Алматы облысындағы «Жетісу Вольфрамы» ЖШС вольфрам кендерін игерумен айналысады. Тұтастай алғанда, бұл кәсіпорынның бәрі сирек металдарды бастапқы өңдеудің негізін құрайды. Алайда олардың қуаты мен технологиялық деңгейі әзірге елде терең өңдеудің толық циклін түзуге мүмкіндік бермейді.

Технологиялардың жетіспеушілігі мен техникалық базаның әлсіздігі салдарынан Қазақстан әзірге осы аса құнды металдарды шетелге шикізат түрінде өткізуге көбірек бағдарланған. Сондықтан сарапшылар айтқандай, ендігі басты мұрат – өз технологиямызды дамыту, өңдеу қуаттарын салу және ел ішінде толық өндірістік циклді қалыптастыру.

ERG қатысуымен жылына 15 тонна қуаты бар галлий өндіру желісін іске қосу жоспарланған. Литий-иондық батареялардың қалдықтарын өңдеу жобасы пысықталады. «Сарытоған» графит жобасы дамытылып жатыр. Сондай-ақ Ақсу қаласында электролитті марганец пен марганец диоксидін өндіруге бағытталған марганец хабы қалыптасу үстінде.

Қорыта айтқанда, Президент айқындап берген міндеттер жүйелі жүзеге асып, геологиялық барлаудан бастап терең өңдеу мен дайын өнім шығаруға дейінгі толық өндірістік тізбек қалыптасса, Қазақстан жаһандық технологиялық индустрияның маңызды ойыншысына айналып, ата-баба мұрасын келер ұрпақтың экономикалық қуатына айналдыра алады.

19 ҚАРАША 2026 | БЕЙСЕНБІ



АРЫЛУ туралы АЗАЛЫ КІТАП

(Омарғазы Айтанұлының «Таразы» романы хақында шағын пайым)

Омарғазы Айтанұлы «Екі теке қашан сүзісер» атты повесінде «Мәдениет революциясының» адам баласына әкелген апатын туабітті зағип Бекбайыс әке мен тастанды қызы Шәметайдың тағдыры арқылы суреттейді. Айналасындағы тіршілік тынысын тек дыбыс арқылы сезіп, біліп, көріп, соның бәрін өз қара құрдымына қомағайлана жұтатын Бекбайыс үшін дүниеде екі жым-жырттық бар еді. Бірі – дөң үстіндегі бейіт. Екіншісі – ойпаңдағы ауыл.

Ауылдың азан-қазан болып жататын бұрынғы тіршілігі қазір жоқ. Ұжымдастыру науқаны бітеудей жұтып қойған. Ас ортақ. Мал ортақ. Ешкім үйінде от жағып, қазан көтермейді. Тұтас ел тайқазаннан тамақтанады. Қорада тышқақ лақ жоқ. Бәрі – үкіметтікі. Төрдегі сырмақ та, қазан-ошақ та қаңсып қалған. Келімді-кетімді қонақ жоқ. Ене келінді, ата немерені, әке ұлды жұмсамайды. Айқай-шу жоқ. Бір-біріне ілігі жоқ. Бәрі тең. Ауыл мен мола да тең. Кіріп-шығып жүрген кілең аруақтар. Өлісі де, тірісі де бір. Тұтас жиырма жылға ұласқан хаос. Серілер туралы кітапты көп оқып, басы қисынсыз сорақы ойға лық толып, дуаланған Дон Кихот тәрізді бұлар да қарша бораған «Мәдениет революциясының» адам ақылына сыймайтын листовкаларымен ұшынған еді. Тұтас әлем абсурдқа оранған.

Біз сөз еткелі отырған Айтанұлының «Таразы» романы ауыл мен қорымның арасындай ауыр атмосферада өтеді. Мәдениет дүрбелеңі кезінде шарықтаған ауыл делік. Ауыл да емес – жаңадан құрылған «Ұшқын» атты отырықшы қауым. Үрімжінің іргесі, Еренқабырғаның етегіне қызыл үкіметтің өзі құрған отауы. Мал өскен, егін бітік делік. Шарықтағаны да шамалы. Ендігі кейпі осы. Ел көшкендей құлазыған жұрт. Қиранды үй. Аулада ақымнан алқам-салқам боп жаңа ғана түрегелген аруақтай Бақжамал кейуана отыр, қасында екі немересі. Емханадан шыққан Шәкида жол-жөнекей амандаса келген. Өзінің ең бақуатты дәуірі өткен Ұшқыны еді ғой бұл Шәкиданың. Байы Күдері – бригадир. «Ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс». Түкірігі – түйме алтын. Астындағы қара қасқа жорғамен талай ойқастаған Ұшқынның көшелері еді ғой бұл қаңырап жатқан. Қасқа жорғаның екпінімен-ақ елді сілкіп-сілкіп шаңын қағып алатын еді онда. Қазір үйілген оба да бір – Ұшқын да бір. Қайтар жолда құтырып кеткен Қатыранды көрген Шәкида. Кісі көргісіз. Танымаған. Әупірімдеп тапқан көлікпен ілдәлдалап келе жатыр. Шопыр жігітпен ілесе түскен үйі дәулетті адамдікі көрінген. Кейін білді, Қидарбектің үйі екен. Қыз күнінде қыр соңынан қалмай сөз салған Қидарбек. Жылтыраған көзі мен ақсиған тісі ғана көрініп, Ұшқынның бүкіл көң-қоқырын, боқ-тезегін егістік басына тасып, күлімсі иісі алыстан ұрып тұратын Қидарбек. Жұмысты жапыра істеп, тапқанына Шәкидаға киім-кешек, айна-тарақ алатын Қидарбегі екен. Бригадир Күдері екеуінің неке түнінде, ғашығының тойын (тойдан гөрі саяси мәжіліске көбірек ұқсайтын) алыстан орағытып аңдып жүріп, қапияда қолға түсіп, үш жылға жер аударылып кеткен Қидарбегі. Сол Қидарбек бұл күнде үлкен шаруашылықтың иесі. Қожалығын барынша кеңейту үшін ауылына мектеп пен мешіт салмақшы. Мешіт – тұзақ, мектеп – шырға. Екеуі де – ірге кеңейтіп, қара көбейтіп, сауда жүргізудің әлегі. Сол үшін алыстағы Тұрпаннан көне көз, ескі таныс Әмдұл қариды арнайы алдырып, баптап ұстап отыр. Жекешелендіру науқаны тұсында тиген тұяғын алдына салып, Еренқабырғаның сай-саласына, тау-тасына сіңіп кеткен немере ағасы Шоту. Шоту қала жағалаған Қидарбектің қызылды-жасылына қызығып, ақтылы қой мен үйірлі жылқыға қарамай қаңғып келген екі ұлының, екі «шашты сайтанның» соңынан қуып келіп отыр. Көңілі алаң. Айғыр қуалап шашасын тас алып кеткен ақсақ атты ойлап құты қашып отыр. Шоту – дала заңына бағынған, ата-баба жосынын мұрат тұтқан, ұятын иманым деп білген қыр қазағы. Әмдұл – ежелден отырықшы, дін баққан, сауда мен иманын қатар безбендей білетін қари. Екеуінің дін-ислам төңірегіндегі еркін ұстаным мен қасаң қағидаларға толы талас-тартысы толастар емес. Мәтіннен суырып алып тарқатсақ, бүгінгі күннің бітпейтін дауына ұласар еді. Іргелес бөлмедегі екеуді Шәкида танып жатыр. Күдерінің күркіреп тұрған тұсында, Тұрпанға барған іссапарда қариды көрген. Ол кезде ауыл басшыларының сабында. Онда Әмдұлдің көзі Шәкидада емес, машинаға басып апарған екі ісек қойда болатын. Дастарқан басында ашы судан да тартынбап еді. Шоту – Бақжамал кемпірдің інісі. «Мәдениет революциясының» жалауы жығылмай тұрғанда Шотудың Қатыраннан көрген қорлығы бір басына жетерлік. Сақал-шашын күзеп, тасбиық, жайнамазын өртеп, Құранын таптап, өзін күс табанымен қалай езгілесе, анасындай болған Бақжамалды да солай тепкінің астына алған. Бақжамалды ғана емес, сары апаң, жақсы апаң, меңді апаң атанған ауылдың көне көздерін де «Төрт көнені» жоғалтайық деп жүріп түбіне жетіп тынған. Сөйткен Қатыран көтеріліп ауырып, құтырып кеткен. Дәм-тұзын Бақжамал кемпірден айырып жүр. Әу баста Қатыран қатардағы момын жігіттің бірі еді. Қапияда қолына тарыдай мәнсап тиіп, жүрісі содан бұзылды. Бет біткеннің ажары Шәкида мен кесек бітімді Күлтайды кезек айналдырды. Күдері мен Шәкиданың тойы күнгі бүлікте, ғашығы Шәкиданың тұңғыш сарық басар ләззәтті кешінің сауапты салқын босағасында, түнімен қалыңдықтың есігін күзетіп әбден қор болды, сүйегі жасып, морт сынды. «Таз ашуын тырнадан алыпты» дегендей, бар қайратын Күлтайға көрсетіп, кеткен есесін содан қайырды. Құрғап қалған тоғанның жарқабағы астында Күлтайды аяусыз соққыға жықты. Осыдан кейін-ақ көзі қарайып, қаны бұзылды. Тәлейсіз махаббаттың зауығынан көрген жан ашуы ма, қорлығы ма? Төңкерістің әпербақан ұрандары санасын тұмшалап тастағаны сондай, алақандай Ұшқында Қатыранның қолы тимеген жан баласы қалды ма екен? Нағашы ағасы Шотуды аямаған Қатыран кімді аясын? Енді, міне, аузынан ақ көбік ағып, сандырақтап жатыр. Байлап бағуға да келмес кейіпте. «Бұл дүниенікі о дүниеге кетпейді» деген рас екен. Қатыран көресісін көрмей көрге кірер емес. Шошына, үрейлене өзін-өзі жұлмалап айқай салады. Кілең кезінде өзіне билік пен бишікті қатар ұстатқан ұран сөздер: «Ұрыңдар, өлтіріңдер, тепкіленде, итке талатыңдар мені!.. Мен емес, мен емес, аспаңдар, атпаңдар мені!.. Иттің басын мұжыңдар! Патшаны аттан аударыңдар! Жолбарысты сауырынан сипаңдар!.. Ақтарыңдар, аппақ қу сүйектің астын ақтарыңдар!». Кие мен кепиеттің наласы қайдан жіберсін? Қатыран қазір Қидарбектің үйінде оң жақта жатыр. «Бір-екі күннен қалмас, жамағайын болса да сүйегі өз ұрқынан шықсын деген». Енді, міне, «Мәдениет революциясының» алағайлы-бұлағайлы шағында алмағайып күй кешкен – Шәкида-Күдері-Қидарбек-Қатыран-Шоту-Әмдұл қари – бәрі бір шаңырақтың астында, тағдыр талқысындай болған бір түзу сызықтың бойында қатар жатыр. Өткен шақтың елесі ғана емес, жанды жегідей жеген қасіреті, улы азабы сүйегін кеміріп жатыр. Ары айықпас азапқа салған пенделер. Осы қатарға енді Күлтай мен Мұқыжық келіп қосылар еді. Күлтай – Бақжамалдың немересі. Қатыраннан алған соққыдан кейін өзінен үш-төрт жас кіші Мұқыжыққа тиген. Екеуі ар жағы бес атадан қосылатын қаны бір туыс. Бұл да «Төрт көнені» табанына таптаған, ата дәстүрді отқа тастаған «Мәдениет революциясы» тудырған заңды неке еді. Бақжамалдың ақ батасынсыз ұзатылған Күлтайды төркінсіз келін дерсің. «Күні өтіп ескіре келе кісі өлтірсе де кешеді ғой. Одан да қиын болғаны ма?..» Араға жеті жыл салып апасына келген Күлтайдың көкірегі қарс айырылып... Артынан ерген қара жоқ. Тұлдыр. Адамнан да, аруақтан да кешірім жоқ. Ол да бір қарғыс – уы қайтпас дуа.

Бәрінің де қым-қиғаш, күрмеуі көп тіршілік таласы бір желіге тартылып, бір көгеннің бойына байланған. Сап түзеп қатар жатыр. Бір-бірімен матаса, қабыса жымдасып, талқыға түскен тағдыр таразысы дерсің. Таразының екі басы қашан тең түсіп еді? Кімді кім таразыдан жеп еді? Жиырма жылға ұласқан ұлы зобалаң, енді, міне, кішкентай гір тастарының алдында қалтырап тұр. Маһшар алаңындағы соңғы сағаттың ауыр соғысы тәрізді. Ақ басты Боғда шыңындай ағару күні, арылу күні дерсің бұл күнді. Қорқыныш, үрей, өксік, ұждан дертіне ауру азабы қосылып, ару Шәкида қу шүберектей бозарып жатыр. Елес, сандырақ, талықсу. Әрең-әрең тілге келеді. Той күні киген шағы көйлегін сұратады. Қасына күйеуі Күдері мен қимасы Қидарбекті қатар отырғызған. «Екі дүниеде обалың менде», – дейді Қидарбекке. Қылдай ғана мойны қайсы обал, қайсы сауапты көтермек екен? Ұмыту – опасыздық. Өзі де аз сор кешкен жоқ. Санасы мидай сапырылып, бәрі қайтадан жаңғырып, темірдей құрсау жан алқымын босатар емес. Босағада баяғыда келініне қалжа сұрай келген Бақжамалдың аянышты бейнесі елестейді. Меселі қайтып, сағы сынып, құр қол қайтқан. Аузынан ақ май ағып отырып, тым құрыса бір аяқ қымыз құйып бере алмап еді ол жолы. Ендігісі мынау. «Қаламыңды қолыңа ал, Күдері, жаз! Былай деп жаз: Бақжамал кемпірдің келінінің қалжасына бір серкеш берілсін! Таяғына сүйеніп есік көзінде әлі тұр...» Өсиет емес, сандырақ емес, өтініш. Баяғыда шала өртеніп, бықсығы ғана қалған ұяттың үзілер тұста қайта шапқан алауы. Осы кезде оң жаққа қисайтып, қозғай берген Қатыранға қапияда жан бітіп, есі кіргендей, санасы сауыққандай көзін ашып ыңырсиды. Қияметтің отына тірідей түсіп, тазарып, жуылып шыққандай. Осының бәрі кешегі сиыр түстен бүгінгі сәскеге дейін болған уақиғалар тоғысы. Жиырма жылдық бұралаң жол бір тәулікке сыйып кеткен. Жиырма жыл бойы болжаусыз, бағытсыз сүрдек жолды мағынасыз шиырлап, шеңбердей айнала берген, айнала-айнала шым-шытырық шырмалған жіптің үзілер жұлын, кесер басқа кеп тірелген тұсы – осы. Осы тұсқа дейін автор ештеңеге араласпайды. Кейіпкерлерінің тағдыр-тәлейіне қол сұқпайды. Ешкімге сот ашып, үкім шығармайды. Күдік пен кінәлаудан аулақ. Кейіпкерлер өмірге қалай келді, қалай жүріп-тұрды, қандай қоғамдық ортада тәрбиеленді, қиын сәтте, шешуші кезеңдерде өздерін қалай ұстады, қайсы жолды таңдады, сол сүрлеуді ғана баяндап береді. Көсемсіп билік айту, көлгірсіп ара түсу жоқ.

Омарғазы Айтанұлы бір сұхбатында: «Әдебиетшілер Гогольдың «Өлі жандарын» роман-дастан деп бағалап жатады ғой. «Таразы» – дастан емес, өлеңдер жинағына ұқсайды. Өйткені әр бетін ашсаңыз, лирикалық ойлар, әсіресе сезім, махаббат дүниесіне қатысты тұстары қара сөзбен жазылған өлеңге ұқсап кетеді», – дейді. Шын мәнінде, Айтанұлы ақ өлеңдерінде кезігетін тым нәзік, кілтең, кіді, кірпияз сезімдер мен ойларын прозалық шығармаларында бейнелеудің жаңа тіліне көтеріп жібереді. Айтанұлының поэзиясы қандай сұлу, асқақ, жұмбақ кейіпті болса – прозасы да сондай астарлы, ойлы. Ақындық, лирикалық прозаның бір биігі саналатын «Таразы» романының кейіпкерлері ауыр ойға шомғанда ауық-ауық ақ басты Боғда шыңдарына қарайтыны болмаса, басы артық табиғат суреті, кейіпкер портретін бүге-шүгесіне дейін беру, уақиғаны суыртпақтап, көр-жерді қазбалау сияқты сөз шығыны атымен жоқ. Ішкі сюжеті психологиялық тартысқа толы романда кейіпкерлердің жаны сөйлейді, рухы боздайды. Бір қайырым мысал, астындағы қасқа жорғамен күні-түні билік айтып, қамшы үйіріп шапқылап жүретін Күдері еркек боп Шәкиданың сұлулығына, сымбатына тамсанған емес. Қыз қылығы көңілін қытықтамас қара дойыр. Неке түні де құлын-тайдай оң жақта айқасқан жоқ. Есесіне, кілең атқамінерлер жиналған, саяси мәндегі басқосуға ұқсайтын тойдың шырқын бұзды деп жазықсыз Қидарбек қолды болды. Сондай сәттерде кінәмшіл әйел Шәкиданың ішкі шерін автор былайша қозғайды.

«Еш белгісіз өтіп кетеді екен ғой өмір, шіркін! Түбінде әйел затына ең қиыны – өз денесінің өзіне азап салуы болса керек. Шәкиданың салқындап аяқ-қолын жуам дегені бар болсын. Төменірек келіп су жағасындағы ақ шыбар жалпақ тастың үстіне келіп отырған. Тегінде Қидарбектің де көп айтатыны жұмыр етті тізесінің басқа денесіне қарағанда, аса жағымды майда толықтығы еді. Кім біледі, осындай майда тізелі әйелдердің бәрі де киік емшек бола ма екен деші, таза ғана, тіп-тішке, жыпжинақы. О, құдірет, Қидарбек те байқамаған ұқсайды. Ең көркем, ең майда, жұп-жұмыр мүше екі қызыл асығы болып шықты. Салқын су сол қызыл асықты білезіктеп тұр, алғашында жоғарылата су шашып шалпылдата отырды да, тізеден жоғары екі санын көмейлете бірақ батырды, тітіреп барып қайта тас үстіне жинақталғанда, ақ шыбар тастың үсті мөлдір тамшымен онан ары шыбарланып кетті. Оңтүстіктің обыр, ашқарақ күні жалап-жұқтап қояр емес... Алдымен жалаңаштану, онан салқын суда тазару, ең соңында аптапқа қақталу – әлгі айтып отырған азабымыз осы еді».

Бұл – жол үстіне аялдаған Шәкиданың бірсәттік беймаза шағы. Ал ауруы асқынып, дерт меңдетіп жатып өткен-кеткенді сараптап, ой-елегінен өткізер тұстағы жан арпалысын философиялық нәзік иірімдермен астастыра суреттеуі оқыған жүрекке айрықша салмақ салады. «Күшік тусаң да, бірдеме тусаң болатын еді» дейтін әженің наласына қалтырап, үрей буып, көз алдына күшіктер, бақа-шаян, кемкетік нәрестелер елестеп, өңшең бір сұрқай сүрлеудің, суық қолдың тонауына түскен Күлтәйдің ішкі жан мерезін де; балаларына ренжіп отырып көрген қорлығын көз алдынан өткізген Шоту картты да; жылқының таз қарыны секілді қаға беріс қалтарысын тінтіп таусалмас Әмдұл қариды да, қай-қайсысын да – «Ұстаса қолы, ұстамаса ұжданы күйер» зар күйіне келтіріп, әлдене ішін шоқтай шыжғырып, оттай қарыған тұста айтылар жан сөзін, автор кейіпкер болмысының өз кейпінде тұрып сөйлетеді. Осыдан-ақ жазушының шиеленісті шақтағы, шешуші сәттегі адам психологиясын зерттеуге көп зейін қоятынын анық аңғарамыз. Айтанұлы кейіпкерлерінің шынайы бет-бейнесі ашылар тосын уақиға тұсында адам бойында ерікті және еріксіз түрде сананың қалтарыстағы жасырын ағысы арқылы жүзеге асатын психологиялық үдерісті бақылап, бейтарап күйде баяндап береді. Сол арқылы оқушысын да сырттай бақылаушы етіп, кейіпкерлерінің сан қилы сезім иірімдеріне үңілуге мәжбүр етеді. Осылай адамның ар-ұяты мизанға түсер, жан алқымда тұншығар сәтте жазушының ақындық қуаты бірте-бірте алға шығып, атойлап отырады. Өзінің еркін өлеңінің шүңетінде жататын ой мен сезім тасқынындай, ұзын-ұзын тармақтарында ырғасып, егесіп, тайталасып кететін дастандарындай, қорамсағы эпитет пен метафораға толы «ырысты үйқастары» аттай бусанып, тебініп, тепсініп шыға келеді. Өзінің әдепкі ой дауылына құлаш ұрған суреткер, кейіпкерлеріне ақын көзімен үңіле барлап, зерделей сараптап, жанкүйінің ең шыңырау нүктесіне дейін сарыға басылғанша тамылжытып тұрып алады.

Омарғазы Айтанұлы туралы замандастарының естелігінен автордың жаратылыстану пәндеріне бала жасынан зерек болғанын оқығанбыз. Жазушының бұл ерекшелігі көркем шығармаларынан дерліктей көрініп отырады. Ғылыми дәлдік бейнелі тілдің нақтылығын ұшқырлай түсіп, айтар ойдың тамырын дөп басып, өзінше бір көркемдік құралдың жаңаша сипатын көрсетеді. «Таразы» романында жазушы адамдардың ішкі әлемін геометриялық өлшемдер, физикалық құбылыстар, химиялық реакциялармен ұштастыра бейнелеуі жарасымды, табиғи шыққан. Сондай мысалдардың бір-екеуін ортаға салайық.

«Жамандықтың аты – жамандық. Ешқашан, еш жерде, ешкім де жамандық пен жақсылықты еріте алған емес. Шын тегін қуғанда, жамандық – қатырушы зат, жақсылық ерітуші зат болғаны ғой. Шәкида өзі де ери-ери бір жерге барған».

Ұя бұзбас Қатыранға болар-болмас билік тигенде заты момын әкесінің шірене қалатын бір сәті бар.

«...шірену неғұрлым сирей түскен сайын әлгі қозы қарын да соғұрлым тартылып, суала түскен. Демек, мұның өзінде де бір заңдылық – яғни математикадағы тура пропорция сияқты: шірену де күшпен келетіндей».

Шәкиданың шешесі Қазипа күні бойы қара жердің қатты қыртысын тісімен тістегендей ауыр жұмыстан кейін түні бойы көрші-қолаңның киімін жамап, азын-аулақ нәпақа табатыны бар, сол жылдардағы жүдеу өмірдің жадау тіршілігін, автор былай суреттейді: «...оны десең кеңістіктегі геометриялық фигураларды еске түсіретіні қаншалық: бір иықтың жамауы ромбы формасына түссе, енді бір иық оған түспей, өзінің жыртылу талабына сай трапециялық формаға өзгере қалады. Тізелер мен құйрықтарға жапсырылған дөңгелек – шеңберлер мен жауырын, өңірлердегі квадрат және тік төртбұрыштар – бұлар өзі басқа тың модалар. Онан бөлек секторлар, сегменттер, конустар толып жатыр ғой...».

Тағы бірде: «Қозғалыстағы дене өзі сияқты енді бір денеге соғылғанда, бағыты өзгереді. Көзге көрініп тұрмаса да, адамның ой-пікір әлемінде де осындай соғылыстар болып тұратын сияқты», «Тура сызық бойынша махаббат пен ақыл – екеуі екі көлбеулік. Бірі – солға қарай көлбесе, бірі – оңға қарай көлбейді. Сонан барып, бұл екі көлбеу сызықтың қашан, қайсы нүктеде бірін-бірі кесіп өтетінін алдан болжау мүмкін емес. Міне, қазір алдан болжанбаған дәл осындай екі кесінді: Қидарбек ұзыннан, Шәкида көлденеңнен». Бұл да бір өзінше адам жанын ғылыми өлшемге сала білген жазушы шеберлігі деп бағалар едік. Жазушының өзіміз күнде көріп жүрген қазақтың шал-кемпірін, қыз-келіншектерін грек құдайларының мүсінімен жанастыра суреттеп өтетін тұстары айрықша ұтымды. Бастысы, осының бәрі сырттан әкеліп жапсырғандай емес, табиғи сабақтасып, шынайы үндесіп жатады.

«Таразы» романының көркемдік сапасы осындай табиғи қасиетімен құнды. Роман өзінің көркем туынды екенін ұмыттыра отырып әрі сол сәттің өзінде осының бәрі өмір шындығы екенін толық сезіндіреді. Омарғазы Айтанұлының кейіпкерлері сырт көзге саяси аласапыранның құрбаны сияқты көрінгенімен, автор оларды жан қалауының табиғи дағдысымен жүргізіп, түлетіп, жетілдіріп отырады. Олардың от пен суға кезек-кезек түсіп, тығырыққа қайта-қайта тірелуі автордың еркінен тыс, кейіпкерлердің өз болмысына тән шешімі екенін байқау қиын емес. Романдағы уақиғаның өрісі мен тартысына, кейіпкерлердің мінезіне қарай отырып, Айтанұлының ұлы ақынға тән жүрек иесі ретінде ойшылдық пен кемеңгерлік биігіне көтерілгенін анық көруге болады.

Омарғазы Айтанұлы өзін де 1956 жылдардан бастап, әсіре қызыл белсенділер «ұлтшыл», «оңшыл», «мал иесінің тұқымы» деп құғынға салады. Ақыры 1957 жылдан 1976 жылдың қара күзіне дейін Тұрпан, Құмыл, Қашқар қалаларының жазалау лагерінде, аптап ыстықта, ауыр еңбек астында жиырма жылын өткізді. Үздіксіз оқу, іздену, өсу жолындағы жалынды жастықтың жиырма жылы – Тұрпанның тандырына тамған ақынның ащы теріндей зым-зия ғайып болады. Ұзақ жылғы сүргіннен аман-есен оралған қаламгер енді өзін-өзі қайта тудырғандай қайратты күшпен шығармашылыққа кіріседі. Бұл туралы өзі: «Соңғы он жыл менің рухани түлеу дәуірім», – деп пайымдайды.

1990 жылы аяқталған «Таразы» романы – түлеген жылдардың нәтижесі. Романға автор бірінші кітаптың соңы деп қол қойған. Дауылды, қарлы, қанды бұрқасын аяқтап, «Мәдениет революциясының» ел өміріне әкелген кесапаты, тұтас Қытай бойынша биік мінберден қайталай сарапталып жатқан тұста Омарғазы Айтанұлы өзінің үстінен арыз жазып, сыртынан көрсетіп, мойнына ажырғы салып, Тұрпанға дейін тепкілеп апарған белсенділерге, қаламдастары мен қызметтестеріне кек сақтап, өшпенділіктің отын қайта тұтатпайды. «Атқамінерлердің» сол айыбын әзілдеп болса да бетіне баспайды. Бәрін үнсіз кешіреді. Тіпті солардың көбімен сыйлас дос болып та кетеді. Омарғазының осы бір кісілік қасиетін көзін көргендер әлі күнге дейін аңыз ғып айтады. Ақынның ар-иманы алдында бас иеді. «Таразы» романының кейіпкерлерінен біз осы адалдықтың, ізгіліктің лебін сеземіз. Олардың өз-өздерін ар сотына тартып, жанын қоярға жер таппай шырылдауы – соның бір айғағы. Бұл – ақталу емес, арылу туралы азалы кітап. Кім-кімнің де алдынан иман таразысы тартылар күн алыс емес. Сол күні таразы басы қалай теңселеді, мәселенің мәні сонда?

Ұмтыл ЗАРЫҚҚАН

СЕРПІН

19 ҚАРАША 2026 | БЕЙСЕНБІ

ҚАБЫРҒАДАҒЫ ҚАСІРЕТ ТАҢБАСЫ

Елордада есірткі құралдарын заңсыз жарнамалау және насихаттау деректеріне қарсы күрес күшейтілді. Жыл басынан бері Астанада осы сипаттағы құқықбұзушылықтарға байланысты алты қылмыстық іс тіркелген. Сонымен қатар қала аумағында есірткі жарнамасы бар 200-ден астам жазу анықталған.



Бүгінде есірткі қылмысының алдын алу және заңсыз жарнамалардың таралуына тосқауыл қою құқық қорғау органдары жұмысының маңызды бағыттарының біріне айналды. Әсіресе тұрғын үйлердің қабырғаларына, ғимараттардың қасбеттеріне және қоғамдық орындарға салынатын күмәнді жазулар полицияның жіті назарында. Себебі мұндай жазулар қаланың сәулеттік келбетіне нұқсан келтіріп қана қоймай, есірткі заттарын заңсыз таратуға арналған ақпараттың көпшілікке қолжетімді болуына жол ашады.

Қалалық Полиция департаментінің мәліметінше, жыл басынан бері елорда аумағында есірткі құралдарын жарнамалайтын граффитилерді салудың 200-ден астам дерегі анықталған. Заңсыз жазулар көбіне көпқабатты тұрғын үйлердің сыртқы қабырғаларында, аулаларда және қалалық инфрақұрылым нысандарында кездеседі. Осыған байланысты тәртіп сақшылары мұндай жарнамаларды дер кезінде анықтау, олардың таралуына жол бермеу және заңсыз әрекетке қатысы бар азаматтарды жауапкершілікке тарту бағытындағы жұмыстарды жандандырып отыр.

Әрбір анықталған дерек назардан тыс қалмайды. Полицейлер заңсыз жазулардың қалай пайда болу мән-жайын анықтап, қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиісті іс-шаралар қабылдайды. Сонымен қатар есірткі құралдарын насихаттауға және жарнамалауға қатысы бар адамдарды анықтау жұмыстары да атқарылып жатыр.

Жалпы, қала қабырғаларына рұқсатсыз жазу мәселесі де өзекті болып отыр. Ресми деректерге сүйенсек, жыл басынан бері Астанада ғимараттардың қасбеттері мен қалалық инфрақұрылым нысандарына граффити салудың 800 дерегі тіркелген. Бұл көрсеткіш қоғамдық кеңістіктерді қорғау, қала тазалығын сақтау және тұрғындардың ортақ мүлікке жауапкершілікпен қарау мәселелеріне ерекше көңіл бөлу қажеттігін көрсетеді.



Мамандардың назарында әсіресе тұрғын алаптар, халық көп шоғырланатын қоғамдық орындар мен қаланың инфрақұрылымдық нысандары бар. Мұндай аумақтардағы бақылауды күшейту заңсыз жазуларды ерте анықтауға және құқықбұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Есірткі жарнамасының қаупі – оның сырттай қарағанда қарапайым жазу немесе сурет түрінде көрінуінде. Алайда мұндай белгілердің астарында заңсыз әрекеттерге бағыттайтын ақпарат болуы мүмкін. Сондықтан полиция қызметкерлері бұл мәселеге тек қала келбетін бұзатын әрекет ретінде емес, қоғамдық қауіпсіздікке төнетін қатердің бірі ретінде назар аударып отыр.

Бұл ретте құқық қорғау органдары алдын алу шараларының маңызына да ерекше мән береді. Есірткі құралдарының заңсыз айналымына қарсы күрес тек қылмыс жасалғаннан кейін тиісті шара қолданумен шектелмеуге тиіс. Құқықбұзушылыққа ықпал ететін жағдайларды дер кезінде анықтау, заңсыз жарнаманың таралу арналарына тосқауыл қою және тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру да маңызды.

Полиция департаменті есірткі құралдарын жарнамалау мен насихаттау, сондай-ақ бөтеннің мүлкін қасақана бүлдіру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке әкеп соғатынын ескертеді. Сондықтан қоғамдық орындарға заңсыз жазу немесе есірткі жарнамасын орналастыру жай ғана тәртіпбұзушылық емес, заң аясында қаралатын әрекет екенін ұмытпаған жөн.

Елордада жүргізіліп жатқан бұл жұмыстар «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында жүзеге асырылуда. Аталған қағидаттың негізгі мәні – қоғамда заңға құрмет қалыптастыру, құқықбұзушылықтардың алдын алу және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Осы тұрғыдан алғанда, есірткі жарнамасына қарсы күрес қоғамдық тәртіпті нығайтуға бағытталған кешенді шаралардың маңызды бөлігі саналады.

Дегенмен қаланың қауіпсіздігі мен тазалығын сақтау тек полиция қызметкерлерінің міндеті емес. Бұл іске тұрғындардың да белсенді қатысуы қажет. Әсіресе көпқабатты үйлердің қабырғаларында, балалар алаңдарында немесе қоғамдық орындарда күмәнді жазуларды байқаған азаматтардың тиісті органдарға дер кезінде хабарлауы құқықбұзушылықтардың жолын кесуге септігін тигізеді.

Осыған байланысты Астана қаласының Полиция департаменті тұрғындарды заңсыз әрекеттерге бейжай қарамауға шақырады. Есірткі жарнамасы бар жазулар немесе өзге де құқықбұзушылықтар анықталған жағдайда 102 нөміріне хабарласуға болады.

Қоғамдық қауіпсіздік әр азаматтың жауапкершілігінен басталады. Есірткі жарнамасының таралуына тосқауыл қою, қаланың тазалығы мен тәртібін сақтау және өскелең ұрпақты зиянды әрекеттерден қорғау – ортақ міндет. Сондықтан заңсыздыққа көз жұма қарамай, дер кезінде әрекет ету қауіпсіз әрі тәртіпті қоғам қалыптастырудың маңызды алғышарты болмақ.

Айна ХАСАН



«Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 5 наурыздағы №73 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру ережелерінің» 26-тармағына сәйкес, тендерлік комиссияның ұлттық парктің жер учаскелерін туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру мақсатында ұзақ мерзімді пайдалануға беру жөніндегі №4 лот бойынша тендерлік өтінімді бағалағанын хабарлайды және тендер қорытындыларын ЖАРИЯЛАЙДЫ:

№ 4 лот («Ерейментау» филиалы, 54-орам, 13 және 6-телімдер, учаскенің ауданы – 2 га) – «Туранга Групп» ЖШС тендер жеңімпазы деп танылды.

РГУ «Государственный национальный природный парк «Буйратау» сообщает, что в соответствии с пунктом 26 Правил осуществления туристской и рекреационной деятельности в государственных национальных природных парках, утвержденных приказом Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 5 марта 2022 года № 73, тендерной комиссией проведена оценка тендерных заявок по лоту № 4 на предоставление земельных участков национального парка в долгосрочное пользование для осуществления туристской и рекреационной деятельности, и ОБЪЯВЛЯЕТ итоги тендера:

Лот № 4 (филиал «Ерейментауский», квартал 54, выделы 13 и 6, площадь участка – 2 га) – ТОО «Туранга Групп» признано победителем тендера.

«Nomadas» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап «Қызылорда – Көкшетау» қатынасындағы № 55/56 пойызының билеттері құнының 7%-ға көтерілетіні туралы хабарлайды.



Елордада Халықаралық студенттер күніне орай JASTAR JALYNY – 2026 атты ауқымды студенттік фестиваль өтті. Екі күнге созылған мәдени-спорттық іс-шара бас шаһардағы жоғары оқу орындарының студенттерін бір алаңға тоғыстырып, жастардың өнері мен өрісін, білімі мен білігін, спорттық шеберлігі мен шығармашылық әлеуетін танытуға мүмкіндік берді.

ЖАСТАР ЖАЛЫНЫ ЖАРҚЫРАҒАН ФЕСТИВАЛЬ

16-17 қараша күндері Қазақ ұлттық спорт университетінде өткен фестиваль Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен ұйымдастырылды. Іс-шараның басты мақсаты – студент жастардың шығармашылық және спорттық әлеуетін арттыру, олардың бастамаларына қолдау көрсету, білім мен өнерге деген қызығушылығын ынталандыру, сондай-ақ жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, қазіргі уақытта Астанада 20 жоғары оқу орны бар. Олардың қатарында халықаралық білім беру кеңістігінде танылған шетелдік университеттердің төрт филиалы бар. Атап айтқанда, Cardiff University, Coventry University, М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті және Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты (МГИМО) елордада білім беру қызметін жүзеге асырады.

Бұл оқу орындарының қызметі студенттердің сапалы білім алуына, халықаралық академиялық ортаға бейімделуіне және кәсіби мүмкіндіктерін кеңейтуіне қосымша жағдай жасайды. Әлемдік білім беру жүйесімен ықпалдастықтың артуы елорданың интеллектуалдық әлеуетін нығайтуға да септігін тигізеді.

Бүгінде Астананың жоғары оқу орындарында 131 мыңға жуық студент білім алады. Олардың арасында әлемнің әртүрлі мемлекетінен келген 5,3 мыңға жуық шетелдік студент бар. Бұл көрсеткіштер елорданың халықаралық білім беру орталығы ретіндегі орнының нығайып келе жатқанын аңғартады. Әртүрлі мәдениет пен білім беру дәстүрінің тоғысуы студенттердің дүниетанымын кеңейтіп, өзара түсіністік пен ынтымақтастықтың қалыптасуына мүмкіндік береді.

Осындай көпқырлы студенттік ортаны бір арнаға тоғыстыратын бастамалардың бірі – JASTAR JALYNY – 2026 фестивалі. Екі күнге жоспарланған іс-шара бағдарламасы спорттық, шығармашылық және зияткерлік бағыттарды қамтыған 10 номинациядан тұрды. Әрбір байқау жастардың қабілетін танытуға, өзара тәжірибе алмасуына және саламатты бәсекелестік мәдениетін қалыптастыруға бағытталды.

СПОРТТАҒЫ СЕРПІН, ӨНЕРДЕГІ ӨРІС

Фестивальдың спорттық бөлімі тартысты бәсекелерге ұласты. Студенттер киберспорт, футзал, волейбол, шахмат және үстел теннисі бойынша өзара сынға түсті. Әр команда мен қатысушы өз оқу орнының намысын қорғап, спорттық дайындығы мен шеберлігін көрсетуге ұмтылды.

Спорттық жарыстардың мәні тек жеңімпазды анықтаумен шектелмейді. Мұндай сайыстар жастарды табандылыққа, жауапкершілікке, тәртіпке және өзара қолдауға баулиды. Әсіресе футзал мен волейбол секілді командалық ойындарда ортақ мақсатқа жұмылу, бір-бірінің мүмкіндігін бағалау және үйлесімді әрекет ету маңызды рөл атқарады. Ал шахмат пен үстел теннисі қатысушылардың шапшаң шешім қабылдауына, зейінін шоғырландыруына және стратегиялық ойлау қабілетін жетілдіруіне мүмкіндік береді.

Заманауи жастардың қызығушылығын ескерген фестиваль бағдарламасында киберспортқа да орын берілді. Цифрлық технологиялар күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналған кезеңде киберспорт жастар арасында кеңінен танылып келеді. Бұл бағыт қатысушылардың жылдам ойлау, ақпаратты жедел саралау және командалық үйлесімділік дағдыларын көрсетуіне жағдай жасады.

Фестивальдың шығармашылық бөлімі де мазмұндық жағынан сан қырлы болды. Жастар заманауи би, ұлттық қазақ биі, ұлттық музыкалық аспаптарда орындаушылық шеберлік және эстрадалық вокал номинациялары бойынша өнер көрсетті.

Әсіресе ұлттық өнерге арналған бағыттардың бағдарламаға енгізілуі айрықша мәнге ие. Өйткені ұлттық мәдениеттің өміршеңдігі оны жас ұрпақтың қаншалықты танып, бағалап, жалғастыра алуымен тығыз байланысты. Қазақ биінің көркемдік ерекшелігін таныту, ұлттық аспаптардың үнін дәріптеу және дәстүрлі өнерге қызығушылықты арттыру жастардың рухани дүниесін байыта түседі.

Ал заманауи би мен эстрадалық вокал бағыттары студенттердің бүгінгі өнер кеңістігіндегі ізденістерін көрсетуіне мүмкіндік берді. Осылайша, фестиваль сахнасында ұлттық құндылықтар мен қазіргі шығармашылық үрдістер өзара сабақтастық тапты.

Жалпы, студенттердің шығармашылық белсенділігін қолдау олардың бойындағы талантты ашумен қатар, көпшілік алдында еркін сөйлеуіне, өзін сенімді ұстауына және жаңа идеяларды жүзеге асыруына ықпал етеді. Сондықтан мұндай мәдени шаралардың тәрбиелік әрі әлеуметтік маңызы зор.

КІТАП ОҚИТЫН ҰРПАҚТЫҢ ТАНЫМ КӨКЖИЕГІ

Фестиваль аясындағы ерекше бағыттардың бірі – KITAP QUIZ зияткерлік байқауы. Бұл сайыс жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруды, олардың білім көкжиегін кеңейтуді және интеллектуалдық әлеуетін дамытуға қолдау көрсетуді мақсат етті.

Ақпарат ағыны үздіксіз жаңарып, цифрлық технологиялар қарқынды дамыған қазіргі қоғамда кітап оқу мәдениетін қалыптастырудың маңызы арта түсті. Кітап адамның ойлау жүйесін дамытып, сөздік қорын байытады, дүниетанымын кеңейтіп, түрлі мәселеге тереңірек үңілуіне мүмкіндік береді. Әсіресе студенттік кезеңде қалыптасқан оқу дағдысы болашақ маманның кәсіби және тұлғалық дамуына берік негіз қалайды.



Осы орайда KITAP QUIZ байқауының фестиваль бағдарламасына енгізілуі кездейсоқ емес. Ұйымдастырушылар бұл бағыт арқылы жастар арасында кітап оқу мәдениетін насихаттауды, танымдық белсенділікті арттыруды және білімге құштар ортаны қалыптастыруды көздеді.

Сонымен қатар зияткерлік сайыс Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Кітап оқитын ұлт» жалпыұлттық идеясын ілгерілетуге бағытталды. Бұл бастаманың түпкі мәні – кітапты күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналдыру, жас ұрпақтың интеллектуалдық әлеуетін арттыру және қоғамда оқу мәдениетін орнықтыру.

СТУДЕНТТІК ЫНТЫМАҚТЫҢ ЖАҢА АЛАҢЫ

Қазіргі жастар саясатының негізгі міндеттерінің бірі – өскелең ұрпақтың әлеуетін толық ашуға мүмкіндік беретін қолайлы орта қалыптастыру. Бұл ретте жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, олардың қоғамдық бастамаларын қолдау, шығармашылық ізденісіне жол ашу және саламатты өмір салтын насихаттау өзекті бағыттар қатарында.

JASTAR JALYNY – 2026 фестивалі осы міндеттерді бір арнаға тоғыстырған шара ретінде ерекшеленді. Өйткені мұнда спорт, өнер және білім бір-бірінен бөлек қарастырылмай, студенттің жан-жақты қалыптасуына ықпал ететін өзара сабақтас бағыттар ретінде ұсынылды.

Бір жағынан, спорттық жарыстар жастардың физикалық белсенділігін арттыруға және командалық рухын нығайтуға бағытталса, екінші жағынан, шығармашылық байқаулар олардың эстетикалық талғамын қалыптастырып, өнерге деген ынтасын оятуға мүмкіндік берді. Ал зияткерлік сайыстар білімге құштарлық пен ізденімпаздықтың маңызын айқындай түсті.

Екі күнге созылған JASTAR JALYNY – 2026 фестивалі жастардың бойындағы жігер мен жасампаздықты, өнерге құштарлық пен білімге ұмтылысты ұштастырған мазмұнды шара болды. Ол студенттердің өз мүмкіндігін көрсетуіне жағдай жасап қана қоймай, ортақ мақсат жолында бірігудің, өзара қолдау мен ынтымақтастықтың маңызын айқындады.



Бояуға сіңген бабалар рухы

Қылқаламның құдіретімен көшпенділер өркениетінің бай мұрасын бейнелеп, сол дәуірдің тыныс-тіршілігі мен мәдениетін заманауи үлгіде қайта жаңғыртып суреттеуге болады. Осындай бір күрделі де қызықты жұмысты өнер арқылы зерделеу мақсатында Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінде профессор, «Қазақ елі» монументінің авторы, мүсінші әрі суретші Сембіғали Смағұловтың авторлық шеберлік сабағы өтті.



Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

«Жошы хан – Ақсақ құлан» тақырыбына арналған кездесу графика, кескіндеме, мүсін және монументалды өнер арқылы тарихи образ қалыптастырудың қыр-сырын қамтыды. Шеберлік сабағына бейнелеу өнері бағытында білім алып жүрген 100-ден астам студент, университет оқытушылары, жас суретшілер, көркемөнер колледждерінің шәкірттері мен шығармашылық қауымдастық өкілдері қатысты.

Сембіғали Смағұловтың бұл тақырыпты таңдауы кездейсоқ емес. Жошы хан – қазақ тарихындағы айрықша орны бар тарихи тұлға, ал оған байланысты «Ақсақ құлан» аңызы – халық жадында ғасырлар бойы сақталып, өнердің бірнеше түріне арқау болған рухани мұра. Аңыздың негізінде дүниеге келген күйдің де қазақтың тарихи санасында ерекше орны бар. Суретші осы оқиғаны көркемдік тұрғыдан зерделей отырып, жас буынға тарихи тұлғаның бейнесін жасаудағы ізденіс жолын, образды әртүрлі өнер тілімен ашудың тәсілдерін көрсетті. Оның айтуынша, тарихи тақырыпқа қалам тарту немесе қылқалам ұстау үшін оқиғаның мазмұнын білу жеткіліксіз. Суретші тарихи деректің астарындағы рухани мәнді сезінуі керек. Бұл ретте аңызды сол қалпында суреттеу емес, оның ішкі драматургиясын, қозғалысын, пластикалық шешімін тауып, дербес көркем образға айналдыру маңызды. «Суретшінің міндеті – аңызды сөзбе-сөз бейнелеумен шектелмей, оның пластикалық және образдық мазмұнын табу», – деп санайды профессор.



Суретші шеберлік сабағында өз шығармашылық ұстанымын түсіндіре отырып, өнердің халық дүниетанымын жаңғыртудағы міндетіне тоқталды. Оның пайымынша, суретші бар дүниені көшіріп көрсетуші емес, халықтың рухани мұрасын терең игеріп, соның негізінде жаңа көркемдік әлем қалыптастырушы тұлға болуға тиіс.



– Халқымыздың рухани әлеуеті өте зор. Сол әлеуеттің қандай жағдайда, қандай көркемдік формада әлемге қажет болатынын түсінуіміз керек. Мен бүгінгі сабақта Жошы ханның образын кескіндеме, графика, мүсін және монументалды өнер арқылы қалай ашуға болатынын көрсеткім келді. Бұл – тек бір тарихи тұлғаның бейнесін жасау емес, тұтас бір дәуірдің дүниетанымын түсінуге жасалған қадам. Біз көшпенді халықтың кеңістікті қалай меңгергеніне де назар аударуымыз керек. Мәселен, көне ою-өрнектердегі иірімдер мен бұрылыстар жай ғана сәндік элемент емес. Оның әрқайсысының өзіндік мәні, кеңістікпен байланысы бар. Оюдың ақ пен қарасын да бірін негізгі бейне, екіншісін жай фон деп қарастыруға болмайды. Екеуі де композицияның тең дәрежелі бөлшегі. Мұнда кеңістік те, қозғалыс та, олардың өзара байланысы да маңызды. Қазақтың дүниені қабылдауында осындай терең көркемдік заңдылықтар жатыр. Мен мұны «дала оптикасы» деп атаймын. Дала оптикасы – далаға сырттай қарау емес, даладан әлемге қарау. Біз қоршаған табиғатпен қандай қарым-қатынаста болдық, кеңістікті қалай түсіндік, соның бәрі ұлттық өнеріміздің көрініс табады. Бүгінгі суретші осы мұраны жай қайталап қана қоймай, оны өзінің интеллектуалдық ізденісі арқылы жаңғыртуы керек, – деді Сембіғали Смағұлов.

Шеберлік сабағының барысында профессор «Жошы хан – Ақсақ құлан» тақырыбындағы монументалды туындысының нобайларын, графикалық жұмыстарын және композициялық шешімдерінің бірнеше нұсқасын таныстырды. Қатысушылар тарихи образдың алғашқы идеядан бастап тұтас көркем туындыға айналу барысын көзбен көрді. Әсіресе суретшінің бір тақырыпты әртүрлі материал мен көркемдік құрал арқылы жеткізу жолдары студенттер үшін маңызды тәжірибе болды.

Практикалық бөлімде сызық, масса, сұлба, ырғақ, қарама-қарсылық пен тепе-теңдік секілді композицияның негізгі элементтері түсіндірілді. Суретші олардың туындының мазмұны мен көрерменге әсеріне қалай ықпал ететінін нақты мысалдар арқылы көрсетті. Оның түсіндіруінше, композиция – фигуралар мен заттарды жазықтықта немесе кеңістікте орналастырудың техникалық тәсілі ғана емес, суретшінің ойлау жүйесі. Көркем туындының әсерлі шығуы жекелеген элементтердің сұлулығына ғана емес, олардың бір-бірімен байланысына, қозғалысына, ішкі ширығуына және бос кеңістікті орынды пайдалануына тәуелді.

Кездесуде графика, кескіндеме, мүсін және монументалды өнердің өзара сабақтастығы да кеңінен сөз болды. Бір тарихи оқиғаны әр өнер түрінде бейнелеу үшін суретші оның мазмұнын сақтай отырып, әрқайсысының табиғатына сай шешім табуы қажет. Мәселен, графикада сызық пен сұлба маңызды болса, мүсінде көлем мен пластика, ал монументалды өнерде туындының кеңістікпен байланысы алдыңғы орынға шығады. Суретші өзінің авторлық жұмыстары арқылы осы ерекшеліктерді салыстырып, бір идеяның әртүрлі көркемдік формада қалай түрленетінін көрсетті.

Профессор жас суретшілердің кәсіби қалыптасуы туралы да ой бөлісті. Айтуынша, көркемдік білім беру тек техникалық дағдыларды меңгертумен шектелмеуі керек. Әр студенттің жеке қабілетін ашып, дербес ойлауына, ізденуіне және өзіндік көркем тілін қалыптастыруына мүмкіндік беру керек.



Сембіғали Смағұловтың өзі де осы ұстанымды шығармашылығында басшылыққа алады. Астанадағы «Қазақ елі» монументінің авторы ретінде де кеңінен танылған суретші отандық өнердің дамуына елеулі үлес қосып келеді. Сонымен қатар Қытай мен Солтүстік Кипрде арнайы шақыртумен шеберлік сабақтарын өткізіп, өз тәжірибесін халықаралық шығармашылық ортада да бөліскен.

Бұл жолғы кездесудің маңызы белгілі суретшінің шығармашылық тәжірибесін жастарға таныстырумен ғана шектелмейді. Мұнда ұлттық тарихты өнер арқылы тану, көшпенділердің дүниетанымын заманауи көркемдік тілмен жеткізу және аға буынның кәсіби тәжірибесін кейінгі ұрпаққа аманаттау мәселелері тоғысты. Әсіресе болашақ суретшілер мен мүсіншілер үшін тарихи тақырыпқа жаңаша көзқараспен қараудың нақты үлгісі ұсынылды. Қысқасы, суретшінің шеберлік сабағы жас суретшілерге тарихи образды жаңаша пайымдаудың жолын көрсетті.

Шеберлік сабағының барысында профессор «Жошы хан – Ақсақ құлан» тақырыбындағы монументалды туындысының нобайларын, графикалық жұмыстарын және композициялық шешімдерінің бірнеше нұсқасын таныстырды. Қатысушылар тарихи образдың алғашқы идеядан бастап тұтас көркем туындыға айналу барысын көзбен көрді.

АҚПАРАТ

«МОМЫШҰЛЫНЫҢ» ПРЕМЬЕРАСЫ ӨТЕДІ

7-8 желтоқсан күндері елордадағы Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрында «Момышұлы» деректі драмасының премьерасы өтеді.



Қарт Бауыржан мен жас журналистің сұхбаты – қойылымның негізгі арқауы. Үш буынның көзқарасы тоғысқан туындыда батырдың өткен өмірі мен ішкі әлемі ашылады. Спектакльде Момышұлы туралы бұрын жарияланбаған деректер көрермен назарына ұсынылады.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, театр және кино актері Бақыт Бақтанұлы қойылымның Instagram парақшасында жарияланған бейнежазбада туындының дүниеге келуіне батырдың бойындағы асыл қасиеттер түрткі болғанын айтты. Қойылымның сценарий авторы – Назгүл Сарыбай, қоюшы режиссері – Жұлдызбек Жұманбай, продюсері – Қуаныш Қонысбек.

Бауыржан Момышұлының рөлін Бақыт Бақтанұлы мен Бауыржан Есқожанұлы сомдайды. Батырдың жас кезін Қуаныш Айдарұлы, Жамбыл Жабаевтың рөлін Досжан Абдераимұлы ойнайды. Былтыр Бауыржан Момышұлының 115 жылдығына орай Орталық мемлекеттік архивте батырдың өмірі мен қызметіне қатысты бұрын белгісіз болған құжаттар көрмеге қойылған еді.

ПРОЗАЛЫҚ БАЙҚАУ ЖАЛҒАСАДЫ

Мәдениет және ақпарат министрлігі жаңа қаламгерлерді анықтап, қолдауға арналған «Қала хикаялары» республикалық прозалық байқауына өтінім қабылдау жалғасып жатқанын хабарлады.

Байқау қала мәдениетін, қазіргі қаладағы адам өмірін, қоғамдағы өзгерістерді, сондай-ақ ұлттық болмыс пен заманауи құндылықтардың өзара байланысын көркем әдебиет арқылы бейнелеуді көздейді.

Байқауға Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады. Қала прозасы жанрында жазылған, бұрын жарияланбаған, көлемі кемінде 10 авторлық баспа табақ болатын романдар қабылданады. Бір авторлық баспа табақ 40 мың баспа таңбасына тең. Әр қатысушы бір ғана шығармасын ұсына алады. Өтінімдер 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін qoljazba.bookfund.kz сайты арқылы қабылданады.

Байқау жеңімпаздарының шығармалары жалпы 15 мың данамен басылып, Қазақстан кітапханаларына таратылады. Қазіргі уақытта байқауға 20 өтінім түскен.

«ҚЫЛҚАЛАМ ҰШЫНДАҒЫ ҚҰДІРЕТ»

Оралда суретші Мұратбек Жоламановтың картиналары көпшілік назарына ұсынылды. «Қылқалам ұшындағы құдірет» атты көрмеге автордың 40 шақты туындысы қойылды.



Ерекше дарын иесі Сырым ауданында дүниеге келіп, Алматыда кәсіби білім алған. Оның «Хан көтеру» тақырыбындағы дипломдық жұмысы академиядағы ең үздік шығарма болды. Республикалық және халықаралық байқауларға қатысқан қылқалам шебері жас суретшілер бірлестігін құруға атсалысты. Небәрі 34 жыл ғұмыр кешкен Мұратбек Жоламановтың кескіндемелері бүгінде Түркия, Польша, Ұлыбритания және Кореядағы жеке коллекцияларда сақтаулы тұр. Көрме суретшінің 60 жылдығына және ел Тәуелсіздігінің 35 жылдығына арналды.

– Мұратбектің шығармашылығы, жалпы ұлттық рухты көтеретін тарихи тақырыптарға жазған шығармалары көптің көкейінен орын алады. Енді бейнелеу өнерінің композицияларына келер болсақ, бейнелеу өнерінің реалистік бағытында, символизмда, сюрализм бағытында сосын стилизацияларға көп жұмыстанған суретші ретінде, соның ішінде композицияларына қарасаң, ерекше шешімдерді көресің, – деді Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Қуандық Мәдір.

AMANAT MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ– Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы
Эльмира ЖҰРСІНБЕКҚЫЗЫ – Абай облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ЖАЛПЫ ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4816
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
•«Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өндеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Еркебұлан НҰРЕКЕШ